

# АР-ДАК

**ARDAK.KZ**  
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса  
«Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген  
уақытында мына байланыс телефоны  
арқылы жолдай аласыздар:  
8 (778) 115-15-25  
Эл.пошта: [ardak.gazeta@mail.ru](mailto:ardak.gazeta@mail.ru)

№1 (883) 8 қаңтар, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475



## ҚР ПРЕЗИДЕНТІ: ҚАЗАҚҚА ОСЫНАУ ҰЛАН-ҒАЙЫР АУМАҚТЫ СЫРТТАН ЕШКІМ СЫЙҒА ТАРТҚАН ЖОҚ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – үш құндылықты көздің қарашығындай сақтау керектігін мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат.

«Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған кастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырт-

тан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек», - деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұртының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

«Біз шекара мәселесін

шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кеңге салғысы келгені есімізде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекарамыз бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға

күмән келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қаққысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқанымдай, шекарамыз толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғаннан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекарамыз да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді», - деді Президент.

## ТОҚАЕВ: АШАРШЫЛЫҚТАН ҚЫРЫЛМАҒАНДА, ХАЛҚЫМЫЗ ӘЛДЕНЕШЕ ЕСЕ КӨП БОЛАР ЕДІ



Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Egegen Qazaqstan газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында алапат ашаршылықтың салдары туралы ойын ортаға салды.

Президент тарихқа көз жүгіртіп, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткергенін сөз еткен. Бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көргенін еске алған мемлекет басшысы халқымыздың саны азайғанына баса назар аударған.

«Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді», - дейді Тоқаев.

Мемлекет басшысы тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмегенін алға тартып, тарихи құжаттарды зерделеу қажеттігін ескертті.

«Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды аластырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс», - деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев

Жұлдыз КЕНЖЕГАЛИЕВА  
kaz.nur.kz

Ресейлік «айтқыш ауыздар» Никонов, Федоров және Жириновскийлердің сөзіне саяси жауапты ресейлік тарихшы Дмитрий Верхотуров «Центр-Азия» басылымына арнап жазған мақаласында беруге тырысыпты.

Ол былай деп жазады: «Бәріміз білетіндей, Ресей «мынау сендерге берген сыйлығым» деп, қазаққа ешқандай жер берген емес. Біріншіден, Ресейдің қол астына кірген кезде қазақтың өз жері болған және ол жердің бәрі сондағы халқымен бірге Ресей империясының құрамына енген». Тарихшы 1731 жылғы 26 наурызда



## РЕСЕЙ БІЗДЕН ТАРТЫП АЛМАСА, СЫЙЛЫҚҚА ЕШТЕҢЕ БЕРГЕН ЕМЕС

Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның қабылдауына арналған бекітілген ант мәтінін келтіреді: «Такожде купцам российским подданным, ездаячим из Астрахани и других мест караваном и особ к нам кайсакам и чрез наши жилища и кочевья в другие места, никакого препятствия и обид не делать». Бұл сол кезде-ақ қазақтардың өз жері мен қоныстары болғанын көрсетеді. Никоновтың өтірігі ашылды.

Сонымен қатар ол Солтүстік Қазақстан да түбі орыстың жері емес деген ойын жеткізеді. «Сібір хандығы болған. Ол Ермак жаулап алған татар хандығы еді. Ол оңтүстігінде Ишим-Курган-Тара сызығымен қазақтармен

шекаралас болды. Сібір хандығы жауланғаннан кейін бұл шекара 1585 жылдан 1752 жылға дейін тұрды, бақандай 167 жыл бұл. Осылайша бұл жерлер қазаққа «сыйлыққа» берілмеген, керісінше, қазақтардан пушканың күшімен тартып алынған. Үшіншіден, – дейді тарихшы, – 1820-23 жылдары Орынбордағы шекаралық комиссияның архивінде жұмыс істеген ғалым А.И.Левшин 1832 жылы өзінің атақты «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген еңбегін жариялады. Сонда Левшин қазақ даласының ең шеткі солтүстік нүктесі Омбы бекінісіне таяу жерде деп, оңтүстіктегі шегі деп, қазақтың қазіргі шекарасынан тым алшақ емес жерді атаған.

Сол жерлерде қызметте болған дипломаттар мен офицерлерден қалған көптеген құжаттар Қазақстанның территориясы қазақтардың иелігінде болғанын растайды, сондықтан жерді қазақтар «сыйлыққа алды» деу барып тұрған ақымақтық», - дейді мақала авторы.

Қорытындылай келе, тарихшы Солтүстік Қазақстандағы қазақтар Қазақ АССР-і, кейін Қазақ ССР-і құрылғанға дейін сол жерлерді бағзыдан мекендеп келгенін айтады. Мақала автономиялық республиканың құрылуы жердің қазақтыкі екенін бекітіп, оған қазақтың ұлттық және мемлекеттік құқығы бар екенін мойындаумен аяқталған.

Әділ АҚЫЛБАЙ

## ЭСТОНИЯ РЕСЕЙДІҢ ЕКІ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖЕРІН ДАУЛАЙ БАСТАДЫ

Келісімде Ресейдің Ленинград облысындағы Ивангород және Псков облысындағы Печорский ауданының бір бөлігі Эстонияға тиесілі деп көрсетілген...

Эстония Парламентінің спикері Рийгикогу Хенн Пыллуаас өзінің жаңа жылдық құттықтау сөзінде Ресейдің екі облысындағы жерге Эстонияның заңды қақы бар екенін айтқан, деп хабарлады [aba1.kz](http://aba1.kz).

Riigikogu.ee сайтында жарияланған оның құттықтау сөз мәтінінде былай делінген: «2 ақпанда біз «Тарту» бейбіт келісімінің 100 жылдығын атап өттік. Ол бойынша, Ресей Эстонияның Тәуелсіздігі мен тұтастығын мойындаған. Сол кезде Эстония мен Ресей арасындағы шекара келісіліп, бекітілген. Халықаралық құқық талаптарына сай, сол келісім қазір де өз күшінде».

Одан әрі: «Біз сыртқы саясатта белсенді болдық. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің уақытша мүшесі ретінде біз Беларусь халқының құқығын қолдадық. Украинаға қарсы бағытталған агрессияны тоқтатуды

табандап тұрып талап еттік. Бұл мәселелерге қақтығыс біз өз позициямызды нақты көрсеттік. Біз НАТО одақтастарымен де, басқа да Халықаралық ұйымдармен де жақсы байланыстамыз», - депті. Эстония Парламенті спикерінің айтып отырған «Тарту» бейбіт келісімі 1920 жылдың 2 ақпанында Эстония мен РКФСР арасында жасалған. Ол келісімде Ресейдің Ленинград облысындағы Ивангород және Псков облысындағы Печорский ауданының бір бөлігі Эстонияға тиесілі деп көрсетілген. Бұл территориялар 1940 жылы Эстония КСРО құрамына қосылғанда, Ресейге өтіп кеткен.

Эстония мен Ресей арасындағы территориялық талас біраз уақыттан бері жалғасып келеді. 2005 жылы екі ел шекараны шегендемек болып, келісімге қол қояды. Оны ратификациялау кезінде Эстония жоғарыдағы «Тарту» бейбіт келісімін алға тартқан. Ал Ресей одан бас тартқан. Осыдан соң, 2014 жылы тағы бір келісім жасалған. Бірақ, бұл келісімді екі елдің де Парламенттері әлі күнге ратификацияламаған.



екең. Әйтенов Шымқалаға президенттің іс басқармасы басшысының орынбасары лауазымынан ауысып келді. Келген бойда оның экс-президент командасындағы кадр екені жөнінде әңгімелер айтыла бастады.

Бәлкім, ол рас та шығар. Тамызда Түркістан облысына президент Қасым-Жомарт Тоқаев ат басын тіреді. Мемлекет басшысы Мырзакентте су астында қалған ауылдардың халқына арнап салынған тұрғын үйлермен танысты. Одан әрі былтыр жарылыстан зардап шеккен Арысқа арнайы барды. Сапар Түркістан қаласында жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев осы сапары барысында Нұр-Сұлтаннан Шымкент

Әйтенов қызметіне келген бойда «Мәдени астана» жобасына қызу кірісті. Қаңтарда әкімдікте өткен жиында ол мәдени астананың ашылу салтанатын Наурыз мерекесінің қарсаңына белгілегенін мәлімдеген еді. Алайда наурызда коронавирус індетіне байланысты төтенше жағдай жарияланып, бағдарламалардың бәрі онлайн форматқа ауыстырылды. Әрине, әкімнің іскерлігі той тойлаумен, іс-шара ұйымдастырумен өлшенбейді. Баса айта кетері, Әйтеновтің бұған дейін әкімдік қызметте жинаған тәжірибесі болған жоқ. Ондай кадр миллион халқы бар мегаполисті итеріп кете ала ма? Осындай күдік-күмән біраз уақыт бойы

Шымкент қалалық әкімдігі мен атақты ВІ Group компаниясының жоспары ойламаған жерден күрт басқа арнаға бұрылды. Қала әкімі қыркүйектің басында вице-премьер Роман Склярға ипподромның орнына салатын комфорт және бизнес санаттағы тұрғын үй кешенінің жобасын таныстырып та қойған еді. Құрылыстың көктемде қызу басталатыны айтылды. Алайда бұған ілешала, уақтысында Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының бас сәулетшісі қызметтерін атқарған белгілі сәулетші Асқар Мамырбаев бастаған топ қарсылық білдіріп, әлеуметтік желіде әкім Әйтеновке жазған ашық хатын жариялады.

## СИЫР ЖЫЛЫ ӘЙТЕНОВКЕ ҚАНДАЙ СЫЙ ӘЗІРЛЕП ТҰР?

2020 жылы Шымкент ТМД-ның мәдени астанасы мәртебесін иеленді. Халқының саны миллионнан асатын, осыдан екі жыл бұрын республикалық маңызы бар қала мәртебесін алған Шымкент үшін бұл үлкен абырой, мүмкіндік еді. Шыны керек, төрден түсіп бара жатқан тышқан жылының «осындай еді» дегізетін өкінішті тұстарының көп болғаны рас.

Шымкент жылды үлкен ауыс-түйіспен бастады. Былтыр шілдеде Тоқаевтың жарлығымен Шымкенттің әкімі болып тағайындалған Ерлан Айтаханов ойда-жоқта қызметінен босатылды. Жарлықта «басқа қызметке ауысуына байланысты» деген әдеттегі сөз де қолданылған жоқ. Осының өзі мұның артында біраз жұмбақтың барын білдіргендей еді. Осылайша қазақ ақындарының өлеңдерін Шымкенттің көшелеріне іліп, зиялы қауымның арасында әжептәуір абырой жинаған, тіпті кейбір басылымдар «Жыл әкімі» деген номинация беріп үлгерген Айтахановтың Шымкенттегі дәуірі алты айға да жетпей қалды. Бұған дейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары лауазымын екі рет атқарған, одан кейін Отырар ауданының тізгінін ұстаған Ерлан Қуанышұлының карьерасы кілт үзілді. Оған жоғарыдағыдай қоллашталулар мен мақтаулар әсер етті ме деген де ой келеді.

Ал жаңа әкім Мұрат Әйтенов елордадан келді демесеңіз, осы оңтүстік өңірдің тумасы. Жасы 39-да. Әйтенов Шымкентті соңғы жылдары басқарған әкімдердің ішіндегі ең жасы болып есептеледі. Салыстырып қарар болсақ, Шымкентке Ғабидолла Әбдірахымов – 40, Нұрлан Сауранбаев – 50, Ерлан Айтаханов 48 жасында әкім болған

әуежайына ұшып келді (Ақорданың таратқан видеосында президентті Шөкеев пен Әйтеновтің қатар тұрып күтіп алғаны көрсетілді). Мемлекет басшысының үшінші мегаполистің әуежайы арқылы ұшып кеткені де айдан анық еді. Алайда облыстың түкпір-түкпірін аралап шыққан мемлекет басшысы сол жолы Шымкентке соқпай кетті. Мұны әркім әрқалай жорыды (содан бір жыл бұрын Түркістанға іссапармен барған Н.Назарбаев Айтаханов тізгінін ұстап отырған Шымкентке соқпай кеткен кезде де әркім әңгімелер айтылған). Жалпы, Түркістанға іссапармен келген премьер, министр, басқа да лауазымды шенеуніктердің ішінде Шымкентке соқпай кетпейтіні некен-саяқ.

Мегаполиске келіп тұрып қалай соқпасаң?! Елордадан келген ақжарғалылар міндетті түрде қаладағы бері-екі нысанды аралап кететін. Миллионнан астам тұрғыны бар шаһарда көретін, аралайтын, талқылайтын мәселе жоқ болушы ма еді?! Президент те сол жолы үшінші мегаполиске аялдап, тым құрығанда «кінші толқынға» дайындық барысын бір пысықтауы керек еді. Алайда Тоқаев Шымкентке келіп тұрып, бас сұқпай кетті. Арада бір ай өткенде оңтүстікке Н.Назарбаевтың сапары басталды. Экс-президент алдымен Түркістанға барды. Ертеңіне ол премьер-министр А.Маминді, бірқатар министрлерді алдына салып Шымкентке келді, бірнеше нысанды аралады. Осының бәрі ел арасында түрлі әңгімелерге сеп болды. Бұл кейінгі жылдары көп айтылатын қос биліктің көрінісі ме, әлде кездейсоқтық па, кім білсін. Бірақ «жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайтынын» да мойындау керек.

сейілмеді.

Мұрат Дүйсенбекұлының Шымкенттегі жұмысы алғашқыда сәтсіздеу басталды. Сәуірде біз «Жас Алашта» үкіметтің үш айлық қорытындысы бойынша өткен отырысында 17-ші өңір – Шымкенттің көрсеткіштер бойынша 17-ші болып аталғанын жазған едік. Шымкент жыл ортасында да ортадан жоғары көтеріле алмады. Маусым, шілдеде белгісіз өкпе қабынуы мегаполисте қаттырақ өршілді. Әлеуметтік желіде науқастарды ауруханалардың қабылдамай жатқаны жөнінде видеолар жарияланды. Артынша президент Шымкенттің әкіміне тәртіптік жаза берді. Осы аралықта Әйтеновке орынбасар шақ келмеді. Талай әкіммен шәй деспей жұмыс істеген, әкімдіктің жұмысына әбден ысылған біраз азамат қызметтерін тастап кетіп қалды. Шымкенттегі жағдай жылдың ортасынан кейін оңала бастады. Мегаполис алты айдың қорытындысында ортаңғы топқа еңсе, тоғыз айда үздік жетіліктен көрінді.

Шымкентте биыл құрылыс қарқын алды. Әсіресе жол жөндеу жұмыстары. Алайда бұдан көшедегі көлік кептелісі жеңілдеген жоқ. Қайта, керісінше, кептеліс Шымкенттің ең басты проблемаларының біріне айналып келеді.

Әйтеновтің халықтың талап-тілегіне, арыз-шағымына құлақ түретін әкім екені байқалады. Онлайн қабылдауларды жиі өткізеді. Сондай-ақ Шымкентте биыл инвестиция тартуда жемісті жұмыстар атқарылды. Алайда біраз жоба қаңтарылып тұр. Ипподромның орнында заманауи тұрғын үй кешенінің тұрғызу жөніндегі

Осыдан кейін әкімдікке тізгін тартуға тура келді. Қала басшылары енді ипподромның орнында тұрғын үй кешенін салуға қатысты қоғамдық тыңдау өткізетінін мәлім етті.

Жуырда елордада орталық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Шымкенттің әкімі ипподромға қатысты қоғамдық тыңдаудың өткізілетіні тағы да қайталады. Алайда оның қашан өтетіні белгісіз күйде қалып отыр. Шымкенттің жаңа әкімшілік іскерлік орталығын жарықпен қамтамасыз етеді деген Бозарық қосалқы станциясының құрылысы 2016 жылдан бері бітпей келеді. Әбдірахымов, Сауранбаев, Айтаханов «Бозарықты биыл бітіреміз» деп, елді құрғақ уәдеге қарық қылып келді. Әйтенов жыл басында халыққа берген есебінде «Бозарықты биыл аяқтаймыз» деген еді. Шымкент әкімінің уәдеге қаншалықты берік екенін білетін кез таяп қалды.

Р.С. Имиджге жұмыс істеудің шебері Ғабидолла Әбдірахымов Шымкентте әкім болған жылдары шайтанарба көп мінді, халықты әйелге теңеді. «Ең әдемі әкім» деген номинацияның жеңімпазы атанды, әйелдеріне ие бола алмаған еркектерге ренжіді. Әрбір сөзі «хитке» айналатын әкімнің ақыр аяғында биліктің берген сенімін сарқылтып, маскара жағдайда қызметінен кеткені белгілі. Бір тәуірі, Мұрат Әйтенов өзін көп сөздің емес, нақты істің адамы екенін көрсетіп келеді. Шымкенттің әкімі келер жылы 40-қа толады. Нағыз камал алар жасқа жеткен Әйтеновке сиыр жылы нендей сый әзірлеп тұр? Оны уақытында көрерміз.

Бақытжан ӘБДІРАШҰЛЫ



Сөзінше, барлық күмәнді жою үшін біз педагогтер, оқу ісінің меңгерушілері, мектеп директорлары, әдіскерлерден тұратын жұмыс тобын құрылыпты. Бұйрыққа енгізілген ұсыныстарды да дәл осы жұмыс тобы әзірледі.

Бұл құжаттың бұған дейін қолданыста болған бұйрықтан айырмашылығы айтарлықтай көп.

**Қойылған жаңа талаптар:**

- жұмыс көрсеткіштерінің нақты тізбесі көрсетіледі;
- көрсеткіштер маңыздылығына қарай әртүрлі балмен бағаланады, бәсекелестік

орта білімнен кейінгі білім беру, ТЖКБ педагогтерін, ЖОО оқытушылары мен ғылыми қызметкерлерді саралау бойынша шешім қабылдадық», - деп қосты ол.

Аймағамбетов осылайша мұғалімдердің немесе ғалымдардың әр жеке санатында бәсекелестік болатынын атап өтті.

«Жыл сайын біздің бастамамыз бойынша педагогтер мен ғылыми қызметкерлердің нормаланған саны марапатталатын болады. Бұл ретте басшылық міндеттерін атқаратын азаматтар саны (директорлар, меңгерушілер және т.б.) 20 пайыздан аспауы тиіс. Марапаттау рәсімдері «Тәуелсіздік

## ТАРИХҚА ТАБАНДЫ БЕТ БҰРДЫҚ

Алмасбек ӘБСАДЫҚ, Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Байтұрсынұлы атындағы ҚМУ-дың «Рухани жаңғыру» кеңсесінің жетекшісі:

– Мемлекет басшысы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын оқығаннан кейінгі ойға оралған пікір мындай: Тарихи сана жаңғырды. Тарихи атауларымызға табанды бет бұрдық. Оңтүстік Қазақстан – Түркістан. Енді солтүстік, шығыс, батыс деген кенестік заманда пайда болған, тарихи маңызынан гөрі географиялық мазмұнға ие болған атаулардан құтылар уақыт жетті. Президент сөзінен осыны ұғынып отырған жайымыз бар.

Қазақ тілін білмейтіндерді, ұлтына қарамастан, басшылық қызметке алмау керек. Қазақ тілін амандасу мен қоштасуға ғана пайдаланып, тіл білетін басшы болып көрінетін алдамшылардан арылатын уақыт жетті. Қазақтың шұрайлы тіліне жетік басшылар басқаруға келуі тиіс. Тілдің дамуына, оның бәсекеге қабілетін арттыруға бұл да өз әсерін тигізеді.

Ұлттық мүддені аспен (дипломатия, зерде, білім, отансүйгіштік) жолмен қорғау амалдары нәсіп етсін! Таспен (қарумен) қорғау – соңғы, шарасыздықтан болатын амал болсын!

Бақыт БЕКОВ

## АЙМАҒАМБЕТОВ: ҰСТАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ ЖҮЙЕСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ұстаздарды марапаттау жүйесіне өзгерістер енгізілетінін мәлімдеді, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Министр жұмыста міндетін өте жақсы орындаған кез келген маман тіпті түрде ынталандырылуы керектігін атап өтті.

«Бұл қызметтегі өсу ғана емес, белгілі бір жетістіктер үшін берілетін ақшалай сыйақылар немесе грамоталар мен төсбелгілер болуы мүмкін. Тіпті жұмыстың сапалы орындалғаны үшін басшылық тарапынан айтылатын алғыстың өзі үлкен мотивация береді. Осы ретте көтермелеу жүйесінің маңызы зор екені белгілі. Біз марапаттарды тағайындау үдерісінің барынша объективті, ашық және меритократия қағидаттарына толығымен сәйкес болуына ұмтыламыз. Осы мақсатта Білім және ғылым министрлігінің ведомстволық наградаларымен марапаттау жүйесіне қатысты жаңа өзгерістерді енгізуге негіз болатын бұйрық дайындадық», - деп жазды Аймағамбетов.

болуы үшін марапат көп балл жинаған адамға беріледі;

– көтермелеудің жаңа түрлері енгізіледі (денгей бойынша білім беру ісінің үздігі құрмет грамотасы);

– марапаттау реттілікпен беріледі (бірден ең жоғары марапат берілмейді, реттілік сақталуы тиіс);

– марапат алатын тұлғалар бойынша ақпарат цифрландырылуы, есепке алынуы және ашықтық қамтамасыз етілуі тиіс.


Аталған бұйрыққа сәйкес марапаттарды тағайындау тәртібі нақты ретке келтірілген.

«Мұның барлығы марапатқа үміткерлерді әділ және ашық іріктеуге, субъективті тәуекелдерді айтарлықтай азайтуға бағытталған. Жаңа талаптар еліміздегі педагогтер мен ғалымдарды объективті әрі ашық марапаттау тәртібін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді деп санаймыз. Үміткерлердің жұмыс ерекшелігін ескере отырып, олардың қандай да бір марапатқа ие болу мүмкіндігін теңестіру үшін біз мектепке дейінгі, бастауыш, орта,

күні», «Білім күні», «Мұғалімдер күні», «Ғылым қызметкерлері күні» мерекелеріне орайластырылады. Сондай-ақ жұмыс тобы 25 жылдан астам уақыт бойы ұстаздық еткен әріптестерімізді «Мамандығына адалдығы үшін» төсбелгісімен марапаттауды ұсынды», - деді Аймағамбетов.

Білі министрінің айтуынша, марапаттарды алудың нақты жүйелігі енгізіледі.

«Әр марапаттың жеке сәйкестендіру коды болады. Ол 12 саннан құралады және марапаттау жылын, мереке күнін, марапатталған адам жұмыс істейтін саланы, көтермелеу түрін және реттік нөмірін көрсететін бес бөлімнен тұрады. Енді барлық марапатталушылар бойынша министрдің бұйрығы шығады. Ол бұйрық міндетті түрде Көтермелеудің біріңғай электронды есебінде сақталып, министрліктің интернет-ресурсында жарияланады», - деп аяқтады сөзін шенеунік.



жаңа президент азаматтық мәселесін бірден көтеретінін айтты. Бірақ Трамптың көші-қон саясатын кері қайтару шамамен алты айға созылуы мүмкін. Себебі егер бәрін бірден қабылдайтын болса, бұл шекарадағы босқындар санының күрт өсуіне әкелуі мүмкін.

2. Мұсылманға қарсы тыйымдарды қайтару  
Байден Трамптың “исламофобиялық” шектеулері тақырыбын бірнеше рет көтерді. Өңгіме халқы негізінен мұсылмандардан тұратын 13 елдің азаматтарына АҚШ-қа кіруге тыйым салу туралы.  
“Трамп әкімшілігінің мұсылмандарға қарсы көзқарасы экономикамызға зиян

қайтарып алмақшы. Ол қоршаған ортаны қорғау агенттігіне көмектесетін екі жаңа құрылымның басшыларын атады. Елдің климат жөніндегі халықаралық күш-жігерін Джон Керри басқаратын болады. Джин Маккарти — АҚШ-тың ішкі Климаттық саясатымен айналысады.

4. Барлығын маскаға  
“Бірінші күні мен өкілеттігім жететін жерлерге маска тағуды талап ету туралы бұйрыққа қол қоямын”, — деп жазды Байден желтоқсан айының басында Twitter-де.  
Сонымен бірге ол Америкада маска тағуды талап етуге өкілетті барлық жерге жетпейтінін мойындады. Бірақ ол федералды ғимараттарда және ұшақтар, пойыздар

қайта іске қосса, Байден оны күрт шектеме. Атап айтқанда, 20 қаңтарда ол мұнай компанияларына қойылатын экологиялық талаптар мен отын үнемдеу стандарттарын қатаңдатуға бағытталған бірқатар Жарлықтарға қол қоймақшы.

Сондай-ақ, ол таза ауа туралы заңды қайтаруға уәде берді, бұл бастапқы көріністі қалпына келтіруге және 2030 жылға қарай Американың аумақтары мен су ресурстарының 30%-ына қол сұғылауға кепілдік берді. Шын мәнінде, бұл табиғи ресурстарды өндіруге тыйым салуды қарастырады.

Сарапшылар не дейді  
Бастапқыда Байденнің уәделерін негізінен

# АҚШ 20 ҚАҢТАРДАН БАСТАП ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ — БАЙДЕННИҢ ЖЕТІ УӘДЕСІ

АҚШ-тың жаңа президенті Джо Байден сайлау науқаны басталғалы “бірінші күннен” істелетін жұмыстар тізімін айтып келеді. Оның көп бөлігі негізінен Трамп әкімшілігінің жұмысына керісінше.

Сайлау науқаны кезінде Байден жиі және көп уәде берді. Сайлаудан кейін командасы дәстүрлі “бірінші күннен” уәделер тізіміне көшті. Алайда, қазірдің өзінде ескертпелер көбейді.

Джо Байден инаугурациядан кейін бірден мына істерге кіріспекші. Дәлірек айтқанда, ол қандай уәделерден бас тартқан жоқ.

1. Зансыз иммигранттарды заңдастыру  
Маусымда Байден президенттің бірінші күнінде Конгреске АҚШ-та ұзақ уақыт құжаттарсыз тұрып жатқан 11 миллион адамның азаматтығына жол ашатын заң жобасын жіберуге уәде берді. Сонымен бірге, мексикалықтар АҚШ-та істері қаралып жатқанда, өз еліне қалуға мәжбүр болатын хаттамаларды, жалпы мигранттарды қорғау туралы хаттамалардың күшін жою туралы да айтылды.

Алайда, қарашада азаматтыққа жол ашатын заңды президенттің алғашқы 100 күнінде ашамын деп айта бастады.

“Бұл ішінара Америка Құрама Штаттарының конгресінен қандай қолдау ала алатынына немесе алмайтынына байланысты болады”, — деп мойындады Байден.

26 желтоқсанда оның ресми өкілдері

тигізеді, құндылықтарымызға қайшы және террористерді жалдаудың қуатты құралы бола алады”, — делінген Байден сайтында.

“Мұсылмандардың елге кіруіне тыйым салу моральдық тұрғыдан дұрыс емес және бұл елімізді қауіпсіз ететіндігі туралы ешқандай мәлімет немесе дәлел жоқ.

Бұл Трамп әкімшілігінің билікті теріс пайдалануы, әрі, ең алдымен, қара және қоңыр иммигранттарға бағытталған. Байден бірінші күні “мұсылмандарға қарсы тыйымдарды” жояды”.

3. АҚШ климат үшін күресті басқарады  
Байден Париж климаттық келісімдеріне қайта қосылуға уәде берді.

Бұл 200-ге жуық ел арасындағы климаттың өзгеруімен күресу үшін парниктік газ шығарындиларын ерікті түрде азайту туралы келісім. Атап айтқанда, АҚШ, көміртегі шығарындилары бойынша әлемдегі екінші мемлекет, 2025 жылға қарай қазба отындарының шығарындиларын шамамен 30%-ға қысқартуы керек.

Трамп Американың 2017 жылы осы Келісімнен шыққанын мәлімдеді. 2020 жылы АҚШ-тың шығуы ресми түрде рәсімделді. “Сонымен, біз кетеміз. Париж келісімі ең жоғары деңгейде Америка Құрама Штаттарына өте әділетсіз. Бұл біздің экономикамызға нұқсан келтіреді”, — деді Трамп.

Байден климаттың өзгеруіне қарсы күресті басқара отырып, АҚШ-ты

және автобустар сияқты мемлекетаралық көліктерде міндетті түрде маска тағуды енгізеді. Ол сонымен бірге губернаторлармен және әкімдермен тығыз жұмыс істейтінін айтты, оларды жергілікті жерлерде тиісті Жарлықтар шығаруға шақырды.

5. Тағы да иммиграция  
Байден “президент Трамптың баспана беруді шектеу туралы шешімін алып тастауға” шешім қабылдады. Бұл Трамптың АҚШ-қа үшінші елдер арқылы келген эмигранттар алдымен осы елдерде белгілі бір мәртебеге ие болып, содан кейін ғана АҚШ-қа көшуге өтініш беруі керек ережесіне қатысты.

6. Байларға салық  
Байден Трамптың салық жеңілдіктерін 2019 жылдың қарашасынан бастап жоюға уәде берді.

“Мен Трамптың өте бай адамдар үшін салықты төмендетуін, Салық кодексіндегі негізсіз олқылықтарды алып тастаймын және бұл ақшаны Американың болашағына инвестициялау үшін қолданамын”, — деп жазды ол.

Байден бірнеше рет “жылына 400 мың доллардан аз ақша табатындар үшін салықты көтермеймін” деп уәде берді.

Көп ақша табатындар үшін жалақы салығы 2,6%-ға артады. Корпоративтік салық ставкалары 21%-дан 28%-ға дейін көтеріледі.

7. Мұнай-газ саласын реттеу  
Трамп АҚШ-та тақтатас мұнайын өндіруді

республикалық сарапшылар сынға алды. Атап айтқанда, олар “бірінші күннен” уәделері жақсылыққа апармайтынын атап өтті.

Мысалы, азаматтық алу және кейбір мұсылман елдерінен кіруге тыйым салуды алып тастау қауіпсіздікке теріс әсер етеді. Қылмыс өседі, террористік актілердің қаупі артады.

Корпоративтік салықтың өсуі бағаның күрт өсуіне әкеледі. Себебі “корпорациялар кез-келген салықты тұтынушылардың мойнына аса салады”.

Мұнай өндірушілер үшін шектеулер жұмыс орындарының қысқаруына және бензин бағасының өсуіне әкеледі. Жалпы, сарапшылар Байденнің ішкі саясаты байлар мен билік иелеріне әсер етпестен орта тапқа зиян тигізеді деген қорытындыға келді.

АҚШ Конгресі “COVID-19-мен күресу туралы” демократиялық заң жобасын ұсынғаннан кейін, АҚШ Демократиялық партиясын қолдайтын сарапшылар да белсенді сыншыларға қосылды.

Олардың наразылығын тудырған негізгі мәселе — 900 миллиард бюджеттік доллардың 700 миллиарды басқа елдерге жіберілетіндігі. Сонымен қатар, Америка азаматтары 600 долларға “ковидтік чектер” алады. Ал АҚШ-та тұратын зансыз иммигранттар үшін олардың сомасы 1 800 долларды құрайды.

Анар МҰСТАФИНА

## НҰРТӨРЕ ЖҮСІП: БІЗДІҢ ОЛҚЫ ТҰСЫМЫЗ — ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ТҰТАС ҚАМТЫП ЖАЗА АЛМАҒАНЫМЫЗ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы еліміз, жұртым деген жұрттың көңілінен шықты деп ойлаймын. Жаңа жылдық құттықтауында Мемлекет басшысы «елімізді аспен де, таспен де қорғаймыз», — деген болатын.

Қазақ Қазақтың атамекенінде отыр! Біз ешкімнен жерді сыйға алған жоқпыз! Дәлел жеткілікті.

— «Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз — ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді», — деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Батыл байлам! Ұққан адамға — Аталы сөз!

Біздің осы уақытқа дейін бір олқы тұсымыз — Қазақстан тарихын тұтас қамтып жаза алмағанымыз. Президент осы мәселені де тап басып айтыпты.

— «Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет. Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл — қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы», — деп жазады Президент.

Осы ретте өте білікті жас тарихшыларды әлемнің әр шалғайына аттандырып, арнайы Қазақ тарихын зерттеу мен зерделеу ісіне көңіл бөлу керек. Әсіресе, ағылшын, араб, қытай, үнді, парсы және Еуропа елдерінің тілін жақсы білетін жастардан мақсатты топ құрып, шетел архивтерін үнгіп зерттеу керек.

Тарихымызды дрыстап алу — мемлекеттік мәселе. Ұлттық сана тарихы сананы жаңғыртудан бастау алады. Осыны ескеру керек!

Осы ретте тарихи фильмдер түсіру арқылы ұлттың жадын жаңғыртуға жол ашылады. Ұлтымыз талай «тар жол,

тайғақ кешуден» өтті. Қазақтың көрмеген қиындығы, тартпаған тақсыреті жоқ. Мемлекет басшысы қырғыздың «Құрманжан датқа» фильмі туралы текке айтып отырмаған болар. Президент Елдік пен мемлекеттілікті санаға сіңіру үшін бізге тарихи фильмдердің қажет екендігін айтты. Тарихи тақырыпқа арнап түсірілген алты-жеті-ақ фильм қай жыртыққа жамау болады? Президент тапсырмасына сәйкес, мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігі міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағытталатын болады. Бұл — өте жақсы ұсыныс!

Тіл — Тәуелсіздік тұғыры! Мемлекеттік тіл — тәуелсіздіктің бір атрибуты! Осыны ескерген Президент барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарға үндеу тастады. «Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді», — деді Президент.

Биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Былайша алсақ, аз уақыт емес. Өзіміздің әлсіз тұстарымызды өзіміз білеміз. Тезірек олқының орнын толтырмақ керек.

Тәуелсіздік — ұлттың бағы! Қазақ үшін бәрінен қымбат бұйым! Президенттің мақаласында Елдік мұрат анық айқындалған. Назар аударатын, мән беретін мемлекеттік мәселелер баршылық.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы «Тәуелсіздікті жыл санап, ай санап, апта санап, күн санап, сағат санап шегелей беру керек», — деген еді бір сұхбатында.

Бізге тегеурінді іс керек. Талап керек. Тағат керек. Мақаладан ойға түйген нәрсе көп.

Есті азаматтар елдіктің жолында елдің арбасын алға қарай бірге тартады деп есептеймін.

Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын ерекше ықыласпен оқып шықтық. Президентіміз бүгінгі дейінгі жетістіктерімізді ой елегінен өткізіп, алдағы мақсат-міндеттерге назар аударған екен. Мемлекеттілікті нығайту, тәуелсіздікті сақтау, ұлтты ұлықтау бағыттары бойынша тиісті органдарға нақты тапсырмалар да берілген. Сондықтан бұл еңбекті бағдарламалық құжаттың жүгін арқалаған дүние деуге толық негіз бар.

Мақалада егемен еліміздің бағыт-бағдары, ҚОҒАМДЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛДАРҒА НАҚТЫ ЖАУАП БЕРІЛДІ

қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелер, жаһандану дәуіріндегі жаңа сын-қатерлер бойынша сұрақтарға нақты жауап берілген. Әсіресе, мемлекеттің жеріне қатысты келтірілген пайымдар халық тарапынан толық қолдау табуға. Мемлекет басшысы атап өткендей, шын мәнінде, бізге осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бұл жер — ежелден қазақтың ата қонысы, қастерлі мекені.

Мемлекеттік тілді дамытуға, қандастар көшіні әрі қарай жандандыруға, шекара маңындағы ауылдарды өркендетуге қатысты айтылған ұсыныстар жұртшылықтың ерекше қызығушылығын тудырып отыр. Оған мақала жарияланғалы бері бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде айтылып, жазылып жатқан пікірлер айқын дәлел. Наурыз мейрамын атап өтудің жаңа тұжырымдамасын дайындау бастамасы да халықтың береке-бірлігін нығайту жолындағы маңызды қадам екені анық. Президентіміздің Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беретіні туралы айтылған сөзі де көпшіліктің көңілінен шыққаны даусыз.

Мақалада жазылғандай, биыл Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен бірге азаттықтың ақ таңын жақындата түскен Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығын атап өтеміз. Халқымыздың басынан өткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі — 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері де 100 жыл өтті. Сондай-ақ, әлемдік шежіреде теңдессіз

шешім болып саналатын Семей полигонының жабылғанына 30 жыл толады.

Мұның бәрі біздің тарихымыз. Ал, тарихты дәріптеу — баршамыздың абыройлы міндетіміз. Сол себепті, Президентіміз ұлттымыздың өткеніне тәуелсіз көзқараспен қарайтын кез келгенін, ғалымдарымыз бен тарихшыларымыз бұл бағытта ауқымды жұмыс атқару қажеттігін нақты атап өтті. Осы орайда Мемлекет басшысының фильм түсіру ісінде тарихи тақырыптарға басымдық беру туралы тапсырмасының маңызы зор.

Жасыратыны жоқ, біз ел, жер, Отан туралы сөйлегенде кейде жалаң ұранға бой

алдырып жатамыз. Президентіміз мақалада осы мәселеге назар аударып, қазір сөзбен емес, іспен дәлелдейтін кезең екеніне баса мән берген. Соның ішінде қоршаған ортаны қорғауға қатысты айтылған ойлар табиғатты аялауда әр азамат жауапты екенін және әркім нақты іспен үлес қосу қажеттігін анық көрсетеді. Қасым-Жомарт Кемелұлы мақалада саяси-экономикалық реформалардың да жүйелі түрде жалғасатынын қадап айтты. Осы бағыттағы ауыл және кент әкімдерін сайлау бастамасы елімізде саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне жол ашады деп сенеміз. Президентіміз айтқандай, біздің мақсатымыз — келер буынға Қазақстанды тұғыры берік, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табысты және сол істерді лайықты жалғастыратын жасапмаз ұрпақ тәрбиелеу. Мұндай жұмыстарға әрқайсымыз атсалысуымыз қажет.

Осылайша, Мемлекет басшысы аталған мақала арқылы мемлекеттілікті күшейтуге және идеологиялық жұмыстарға қатысты еліміздің алдында тұрған негізгі басымдықтарды анықтап берді. Бұл бағыттағы барлық бастаманы табысты іске асыру үшін Сенат заңнамалық тұрғыдан қолдау көрсетуге, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін арттыруға және елдігімізді еңселі етуге өз үлесін қосатын болады.

Мәулен ӘШІМБАЕВ,  
Парламент Сенатының Төрағасы



Қытай уәлаяттарының шекараларына дейін еді...

... Көне жазбаларда олардың тіршілігі жайлы жеткілікті дереккөздер жоқ, ал кей кітапта олар туралы шамалы деректер ғана келтірілген...

Дегенмен, түркі мен мұғұлдардың тайпалары мен руларының бәрі бір-біріне ұқсас және олардың тілдерінің негізі (шығу тілі) де түгелдей бір, тек мұғұлдар түркілердің бір тобы ғана болып табылады...

... ғасырдан ғасырға олардың (мұғұлдар мен түркілердің) шынайы тарихи болмысы анық түрде мұғұл

Сонымен, орысшаға аударғандар Қарақұрым дегенді қателесіп, Қарақорым деп және оны Ертістің шығысынан мың шақырым жерге апарып қойған. Ұрған өзенін Орхон деп көрсеткен – деп жазады авторлар.

Айтуларына, орысша аудармада аударылмай тастап кеткен жерлер де бар екен. Мысалы, Хетагуров Ұрған деген сөзден кейін «Қырғыз бен Кем-Кемжүт уәлаяттары және жайлаулары мен қыстаулары көп Мұғұлстан» деген сөйлемді тастап кеткен.

Екі автор Бұрқан Қалдұн қазіргі Шығыс Қазақстан жеріндегі Бұқтарма

біразы қашып құтылады.

Жаудан қашып бара жатқанда жалайырлар Дутум Манинның әйелі Нумулунды өлтіріп кетсе керек. Содан олардың біразын жалайырлардың өздері қырып тастайды, біразы Қайду ханға құл болып, құтылғаны Шыңғыз ханды паналайды. Бірте-бірте Шыңғыз ханның сеніміне кіріп, өздерінің қадыр-қасиетімен Шыңғыз хан сыйлайтын дәрежеге жетеді.

Рашид ад – Дин жазады: «...олардың байырғы жұрты (Шыңғыз ханның ата жұрты болып табылатын) Қарақұрымда болған». Мұны жалайырлардан

## БҰЛ БІЗДІҢ БҰРМАЛАНБАҒАН ТАРИХ!

**Сан ғасырлар бойы есімі тарихтан өшпей келе жатқан бір есім бар. Ол – Шыңғыз хан. Оның өмірі, тарих жолы, өмірі мен өлімі туралы қаншама кітаптар жазылды десенізі.**

**Тарихтың ізін кесуші адамдар көп. Өйткені тарихи таным жыл сайын өсіп келеді.**

**Жақында қолымызға «Шыңғыз хан» деген көлемді кітап тиді. Ғылыми-танымдық, жастарға арналған.**

Қос авторды таныстра кетейін. Бірі - Ұлттық қауіпсіздік комитетінің генералы. Саясат ғылымдарының докторы, Мемлекет және Қоғам қайраткері Ержан Бекбауұлы Исақұлов та, екіншісі Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті түркітану ғылыми-зерттеу институтының аға-ғылыми қызметкері, араб, фарсы, шағатай тілдерінің маманы, Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасы Ғұламалар Кеңесінің мүшесі – Зәріпбай Жұманұлы Оразбай мырза.

Ұлттық жаңғыру кезеңінде жазылып, оқырманға жол тартқан «Шыңғыз хан» кітабын әрі қызыға, әрі не жаңалығы бар екен? – деп қарағанымды жасыра алмаймын.

Кітаптың әуелі мазмұнын қарап шықтым. Формасы, архитектурасы бөлек екен.

Өйткені кітап тіні Рашид ад-Дин Хамаданидің «Жамиғ ат – тауарих» (Тарихтар жинағы) мен Шараф ад-Дин Иазидидің «Зафар нама» (Әлемді жеңіп алушының тарихы) атты кітаптарына түсіндірме тұрғысында жазылыпты. Бұл көне замандардан келе жатқан форма. Кітап туралы – кітап.

«Шыңғыз хан» кітабы да «Жамиғ ат-тауарих» кітабындағы түркі тарихы және Шыңғыз ханның шығу тарихы, ортасы туралы біз біле бермейтін құнды деректер мен мағлұматтарға сүйенген зерттеу екен.

Авторлар «Жамиғ ат-тауарихтың» тікелей қазақ халқының тарихымен тереннен аттасып жатқанын зерттеп, сараптама жасайды.

Формалық жағынан ғылыми шешім тапқан. Мәселен, аталмыш кітаптан мысал алынып, оған жан-жақты түсіндірме беріледі.

Айта кетелік, осыдан 700 жыл бұрын жазылған тарих кітабы қазақша бірде бір рет басылым көрмеген екен. Тек 2018-2019 жылдары ғана Халықаралық Түркі академиясының ғылыми жобасы ретінде Рашид ад-Дин Хамаданидің «Жамиғ ат-тауарихы» мен Шараф ад-Дин Али Иазидидің «Зафар намасы» тұңғыш ретінде қазақ тілінде жарық көріпті.

«Шыңғыз хан» кітабы 124 тармақшадан тұрады. Қорытындының өзі 187 бетті құрайды. Оған жүздеген сілтемелер мен ондаған географиялық карталарды қосыңыз. Осыдан-ақ кітаптың ғылыми ақпараттың мықты екенін көруге болады.

Сөзімізді «Жамиғ ат-Тауарих» атты кітаптың жазылу баянынан бастайық. Рашид ад-Дин Хамани түркі деген елдің ең әуелі тұрақ мекенін анықтаудан бастайды. Және оларды «Жейхун мен Сейхун» бастауынан Шығыс елдері шекараларының шегіне дейін, Дешті Қыпшақтан Жүрша мен

тілінде және мұғұл жазуымен жазылған».

Ұзақ мысалды осы жерден үзейік. Бүгінге дейін мұғұл жазуын – көне ұйғыр жазуы деп келдік. Және солай деп жазып жүрміз. Бұған Ержан Исақұлов пен Зәріпбай Оразбай келіспейді. Олар өз пікірлерін Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих – и Рашиди» кітабынан мысал алып, дәлел ұсынады. Осыған назар аударалық; «Тоғлық Темір осы нақты тоғыз артықшылықты дәлелдейтін жарлыққа қол қойды. Мен сол Тоғлық Темірханның жарлығын көрген едім...»

...Жарлық көктем мезгілінде, доңыз жылы Құндызда моғол тілінде әрі моғол жазуымен жазылған еді...»

Шынында, бұл назарға аларлық дерек қой деп ойлаймын. Авторлар Шағатай мен Үгетай бітікшілер, яғни хатшылар ұстағанын және олар тарихи оқиғаларды Шыңғыз ханнан бергі кезенді жаздырып отырған деген пікір айтады.

Сондай бітікшілердің бірі – отырарлық ұйғыр, бітікші Шыңқай деген кісі екен. Бұл дерек «Жамиғ ат-тауарихта» бар. Осыған сүйене отырып, авторлар «... қағанның жарлықтарын және мемлекеттің құпияларын тек мұғұл тілінде жазып отырған», - деп қорытынды жасайды.

Авторлар кезінде «Жамиғ ат-тауарихтың» орысша аудармасында қателер мен бұрмалаулар кеткенін жазады. Содан «мұғұл» сөзі «моңғол» деп қате аударылған деп есептейді және «Жамиғ ат-тауарихқа» жүгінеді. Дерекке назар аударалық. Тарихшы былай деп жазады.

«Қазіргі кезде (іштей көп тармаққа бөлініп) «мұғұл» деген әйгілі атпен белгілі қауымдар, мысалы; жалайыр, татар, ойрат, меркіт пен басқа мұғұлдарға ұқсаған (тек) әрқайсысы өзінің мемлекетін иелеген кейбір халықтар: керейт, найман және үңгіт сияқты тайпалар, соларға ұқсас (басқа да тайпалар): байырғы замандардан қазіргі уақытқа дейін қоңырат, қоралас, икирас, елжіген, ұраңқай, келенгіт деген атпен белгілі және (осыларға ұқсас) басқа да тайпалар мұғұл – дүрліккен деп аталады».

Кез-келген ғылыми пікір деректер нақтылау арқылы көрсетіледі. Осыған орай, Е.Исақұлов пен З.Оразбай «Жамиғ ат-Тауарихтың» Л.А.Хетагуров аудармасындағы орысша нұсқа мен қазақша аударманы қатар қойып, ондағы деректерді салыстырады.

**Хетагуров аудармасында:**

... по рекам и горам (областях) народа найман, как например Кок-Ирдыш (Синий Иртыш), Ирдыш, [гора] Каракорум, горы Алтая, река Орган...

...Не есть ли здесь пропуск – Кара Ирдыш, т.е. Черный Иртыш, - река, берущая начало с Алтайских гор и выпадающая в оз. Зайсан?

...Орган- «повидимому, разумеется р. Орхон, правый приток «Селенги» деп жазады.

**Енді Зәріпбай Оразбай мұны:**

«...найман қауымына тиесілі Көк Ертіс пен Ертіс сияқты дариялар (олардың екі жағалауындағы) Қарақұрым (У.Қ.) аймағы мен (ол аймақ ұштасатын) Алтай таулары, Ұрған өзені» деп аударған.

өзенінің солтүстігі мен оңтүстігін алып жатқан Тарбағатай (Бұрқан), Листвяга (Қалдұн) деп жорамалдайды. Және түркілердің тарихын бұрмалау «Жамиғ ат-Тауарихтың» кіріспе бөлімін бұрмалаудан басталған деп есептейді. Оған нақты дәлелдер келтіреді.

Ғылым болған соң оның әрқайсысының дереккөздеріне қарап, ой тую керек. Сондықтан да әртүрлі пікірден қашпай, терең бойлап, зерделеу қажет. Өйткені түркі, оның ішінде қазақ тарихы бұрмаланған. Мұны қазір ғана біліп жүрміз ғой.

«Жамиғ ат-Тауарихтың» орысша аудармасында Монғолия (Мугулистан) деп қосарланып аударылған. Кейінгі жарияланымда Мугулистан деген сөз тек Монғолия деп берілген. Аудармашы мен саясаттан кеткен қателік. Ұлы Мұғұлстанды моңғол деп атап, тарихи фальсификация жасалғаны өкінішті.

Авторлар, Шыңғыз хан құрған мемлекет астанасы Ертіс өзенінің бойындағы Қарақұрым жазығы деп біледі. Және оған қажетті деректерді келтіреді.

Орыс самодержавиясы 1761 жылы Таулы Алтайды орыс империясының құрамына кіргізеді. Ал 1918 жылғы наурызда Колчак басқарған Сібірдің Уақытша өкіметінің шешімімен таулы Алтай Бийск уезінің құрамынан шығарылып, Қарақорым-Алтай деген округе айналады, оның құрамында Қарақорым уезі құрылады. Бірақ, 1920 жылдың қаңтарында Совет үкіметі орнап, Қарақорым уезін жояды, оның орнына қайтадан Таулы Алтай уезін құрады.

Қос автор «Жамиғ ат-Тауарихтың» түп-нұсқа мәтінінің бірде-бір жерінде «моңғол» деген сөз жоқ деп жазады. Және «моңғол» жасанды сөз, парсы тілінен орысша аударғанда кеткен қателік деп есептейді. Өйткені түркі сөздерінің парсы әріптері арқылы жазылған транскрипциясын жасағанда кейбір әріптерінің жазылуы мен оқылуы кезінде кеткен қателік екенін лингвистикалық мәлімет дәлелдейді.

Мұғұлдар – түріктер деген мәселеге ұзақ талдау жасауымыздың себебіне келейік. Ол әлемде аты өшпеген Шыңғыз ханның кім және қай ұлтқа жақын екендігін анықтау үшін қажет болды. Сонымен, «Жамиғ ат-Тауарихтағы» Шыңғыз хан дәуірінде «мұғұл» аталып кеткен түркі тайпаларына баянына қатар аударалық.

Рашид ад-Дин «олардың (түркілердің) сырт келбеті мен тілі мұғұлдардың сырт келбеті мен тіліне сай, өте ұқсас келеді, себебі сол кезеңдерде мұғұлдар түркі тайпасына жататын қауым еді. Қазіргі кезде олардың (басына қойған) бақтың (патшалығының) құдіреттілігі мен ұлылығының себебінен (түркіге жататын) басқа ру – тайпалардың баршасы (мұғұл деген) арнаулы атаумен аталатын болды».

Тарихшы осылай біртекті түркі мұғұлдарының тарихын баяндайды. Оны жалайырлардан бастайды.

Рашид ад-Дин жалайырлардың Шыңғыз хан дәуірінен бұрынғы тарихта бар екенін нақтылап жазады. Сондай көне дәуірлердің бірінде жалайырлар мен қытайлар шайқасқа түседі. Сөйтіп көп жалайыр шайқаста мерт болып,

шыққаны Ақтан сопы Құтбтың «Біздің тарихымыз» атты қолжазбасы растайды. Ол дерек бойынша жалайырлар Іле өзенінің оң жағалауынан Мұзтауға (Алтай -У.Қ.) дейтін жерлерді мекендеген.

Тарихымызға оралайық. «Бұл жалайыр руы өз алдына саны көп халыққа айналған үлкен, он тармақтан, олардың әрбірі көптеген қауымнан тұрады. Олар келесідей бөлініп, ретпен аталады: Жат, тоқырауыт, қонсауыт, құмсауыт, нілқан, құркын, төлеңгіт, бөрі, шаңғұт».

Айта кетелік, Ақтан сопы Құтбтың «Біздің тарихымыз» қолжазбасына жүгінсек, Шыңғыз хан Жетісуда Құрылтай жасап, барлық балалары мен туыстарына, әскеріне енші бөліп берген. Жалайырлар да енші алып, бүгінгі күнде он екі ата болып отыр.

«Жамиғ ат-Тауарих» кітабында былай деп жазылған. «Шыңғыз хан дәуірінде жат тармағынан шыққан, барлық жалайыр руы ішінде өте атакты да абыройлы Мұқалы Гойон болған.

Шыңғыз хан әскерінің сол қанатының бәрі мойындайтын еді. Оның ұрпақтарын да «гойон» лақабымен атайды, мағынасы қытай тілінде «ұлы хан» (дегенді білдіреді). Шыңғыз хан оны әскерімен бірге Қараун жидун деп аталатын жерде қалдырып кеткен кезде қытайлықтар оған осы лақап атты берген. Оның ұлы Бұғыл Гойон Үгетай қаған дәуірінде әкесінің орынбасары болған. Оған мұндай атауды Шыңғыз хан берген».

Рашид ад-Дин жалайырдан кейін сунит тайпасын атайды. Суниттен бөлініп шыққан қабтұран тайпасы. Бұл тайпадан көп әмірлер шығыпты. Солардың ішінде Шырмағұнды ерекше атайды.

Үгедей қаған Шырмағұнды ерлігі, батырлығы мен батылдығы үшін төрт түмен (қырық мың) әскер лашкер таммасы етіп бекітеді.

Тарихта осы рудан тарайтын көптеген әскербасшылардың, әмірлердің атын атайды.

Түркі тайпасынан кіретін тағы бір үлкен тармақ бар. Ол - татарлар.

Рашид ад-Дин татарлардың аттары «ежелгі дәуірлерден әйгілі болған» деп жазады.

Тарихшы дерегінше, олар Қытай уәлаятына жақын шекаралас жерде тұрған. «Олардың тұрақтау орны (атажұрты) Бүйір Наур аталатын жер болатын.»

Рашид ад-Дин тарихшының жазуына қарағанда олар Қытай патшаларына мойынсұнатын және оларға салық төлеп тұрған.

Татар, дүрбен, салжұрт, тайпалары бірігіп одақ құрады. Кемер өзені мен Аңқұра муран өзендері бойларың жайлаған. Аңқұра муран – Енисей болса керек-ті. Ал Кемер қазіргі Абакан өзені сияқты. Тарихшы, «ол қала қырғыздар уаялатына жататын» деп жазған.

Жазбаға қарағанда татарлар күрдтер, шулар, франктер сияқты бір-бірімен жанжалдасқан, қырық-пышак болған көрінеді. Бірақ керек кезде тез бірігіп, жауларына қарсы тұрған.



## КӘРІ ҚЫЗ «ДӘРІ» ҚЫЗ БА?

«Әр заманға бір зауал» демекші, бір кезде жиырма беске толғанша күйеуге шықпаған қыздарды «он жақта отырып қалған» деп жасы елуден асқан кісілер тоқалдыққа сұрайтын болған. Себебі ол кезде жасы жиырмаға келгенше күйеуге шықпаған қыздарды «өтімсіз» санайды екен.

Арыдағы ақындарға сөз берсек, ел арасында Шал ақын аталған Шал (Тілеуке) Құлекеұлы, (1748–1819) сол тұстағы қазақтың өрен жүйріктерінің бірі болған, сол Шал ақынның мынадай бір өлеңі бар:

Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар,  
Өңі кетіп шырайы сары болар.  
Ер елуге жетсе де айыбы жоқ,  
Әр уақытта біреудің жары болар.  
Қыз он беске келгенде мау тартады,

Ата менен енеге жау тартады.  
Екі көзі, ел көссе, төңіректе,  
Шарасыздың күніне жүк артады  
Қыз он беске келгенде талма мойын,  
Он алтыға қыздардың қылса тойын,  
Он алтыдан асқасын болмайды ойын.  
Қыз он беске жеткенде кесте алады,  
Жаман менен жақсыны еске алады.  
Жиырмаға жеткенде тәйке деген,  
Аюша жиган майын төске алады.  
Ақынның сөзіне қарағанда, сол тұста қыздар жиырмаға толар-толмастан күйеуге шығуы тиіс болған. Яғни, одан өтсе отырып қалып, жақын-жуықтарына «өтпей қалған қыз» ретінде сөз келтіретін болған. Сондықтан о заманда қызды көп отырғызбай ұзатып жіберетін болған. Бұл қыз баланы ертерек өз орнын тауып, бала тауып ана болсын деген ізгі тілек болар. Өйткені қазақ

«Өлімнен басқаның ертесі жақсы» деген ғой.

Дегенмен заман өзгере келе ол дәстүр өзгеріске түсті. Себебі ХХ ғасырдың бас кезінде мемлекет билігін төңкеріспен алып, қантөгіспен орнаған Кеңес өкіметінің алға тартқан идеологиясының бірі – әйелдер теңдігі еді.

Әрине, қазақта әйелдерді соншалық төмен ұстау деген салт болған жоқ. Қазақ қоғамында барлық уақытта әйелдердің орны жоғары болған. Көптеген салт-дәстүрлер әйелсіз, әйелдің бастауынсыз өтпейтін, тіпті, кей жағдайда еркектер мүлдем қатыстырылмай, тек әйелдер атқаратын дәстүрлердің болғаны шындық.

байланысты. Бүгінде тұрмысқа кеш шығу белең алған. Тіпті күйеуге шықпайтын, азаматтық некеде жүре беретіндер көп. Ол – ол ма, енді мүлде күйеуге шықпауға үндейтін феминистік топтар да пайда болып жатыр. Заң бойынша тұрмыс құу, құрмауды әр әйел заты өзі шешеді дегенімізбен, бұл аса қауіпті құбылыс. Себебі жері үлкен, халқы аз Қазақстан сияқты елге халықтың өспеуі саяси, экономикалық жақтан қиындық тудыруы бек мүмкін.

Медицина ғылымы қыздардың 22 жасан аспай тұрмысқа шығуы денсаулығына пайдасы зор десе, психологтар 25-тен асқан қыздардың өз бақытын табуы қиындай түседі дейді

Кеңес өкіметінің заңы бойынша, бұрынғыдай қыздың тұрмыс құруын ата-анасы емес, өзі шешетін болды. Әрине, бұрында бірлі-жарым кедей отбасылар күн көріс үшін жас қыздарын бай кісілерге тоқалдыққа берген жағдайлар болған, бірақ ол үрдіске айналған нәрсе емес еді.

Кеңес өкіметі кезінде қыздардың 25-30-ға дейін күйеуге шықпай жүріп қалуы қалыпты жағдайға айналып кетті. Міне сол кезде тұрмыс құрмай жүріп қалған қыздарды «кәрі қыз» дейтін атау пайда болды. Солайша, мүлдем тұмыс құрып, ана атанудан мақрұм қалған әйел заты көбейіп кетті. Ол үдеріс қазір де жүріп жатыр.

Қалай десекте, ұлттық демографияның болашағы әйелдерге

Статистика бойынша, осыдан 5-6 жыл бұрын «отырып қалғандардың» саны 350000 делінсе, қазір олар екі есеге өскен дейді. Бұл расымен қорқынышты сандар.

Құдай әйел қылып жаратқасын ана болған жақсы ғой, сондықтан ешқашан «кәрі қыз» – дәрі қыз болған емес. Қазақтың әр қызы теңін тауып, бір отбасының иесі болса, одан артық бақыт жоқ. «Оқимын», «қарьера қуамын» немесе «балалы болып бокқа былғанып отырғым келмейді», «еркекті күтіп қиналатын жағдайым жоқ» деп түрлі сылтау айта беретін қыздар табиғи қиындықтардан қашқанымен одан басқасына кез болмаса жақсы...

Ахмет ӨМІРЗАҚ

## ТӘН ДЕРТІНЕ ДӘРІ БАР, ЖАН ДЕРТІНЕ НЕ ДАУА?

Жақында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жалғыз ғана вакцинамен коронавирус пандемиясының салдарын жою мүмкін еместігін мәлімдеді. Вакцина табылар, індет сейілер, бірақ оның зардабы мен әкелген шығынының орны біразға дейін тола қоймайды, кедейлікке, аштыққа, климаттың өзгеруіне немесе теңсіздікке қарсы вакцина жоқ дейді сарапшылар. Расымен де, даусыз дерт шарасыз жұртты жан-жақтан қыспаққа алды. Коронавируспен қоса «коронакризис» ұғымы пайда болды.

Қорқыныш пен үрейге қымбатшылық қосылып, қаншама ай бойы төрт қабырғада қамалған халыққа оңай тиіп жатқан жоқ. Содан да болар, айнала толған агрессия, ашу. Әлеуметтік желіде де негативті пікірлер одан әрі көбейе түскен.

Әлемдік індет – әлемдік күйзеліс  
Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропа бюросының басшысы Ханс Клуге әлем халқының психикалық денсаулығына коронавирустың тигізген әсері ұзақ уақыт бойы сезілетін болады деген еді. Ауру жұқтырудан қорқу, жақын жандардың денсаулығына алаңдау, карантин, жұмыссыздық, қаржыдан қысылу сияқты қиындықтар жүйкеге ауыр салмақ түсіретіні айтпаса да белгілі.

Індеттің салдарынан болған қиындықтарды былай қойғанда, вирус жұқтырған адамдардың жүйке жүйесі зақымдалатыны да мәлім болды. Британдық неврологтардың пікірінше, SARS-CoV-2 ми мен орталық жүйке жүйесіне қатты зақым келтіруі мүмкін. Яғни вирус жұқтырған науқастың жүйке жүйесі қабынуы ықтимал.

Бұдан бұрын Халықаралық еңбек ұйымының сауалнамаларына сәйкес, 19-29 жас аралығында әрбір екінші адам мазасызданып, депрессияға түседі екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, көңіл күйдегі мұндай ала-құлалық басқа жастағы адамдарға да тән. Зерттеу нәтижелері қыс кезінде күйзеліс одан әрі көбейетінін көрсеткен. Сондықтан мамандар биылғы пандемия мен оның салдары халықтың психикалық денсаулығына үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін айтып дабыл

қағып жатыр.

Британдық The Lancet ғылыми-медициналық журналы оқшаулану мен карантин адамдардың психологиялық жағдайына қалай әсер еткені туралы зерттеу жариялады. Авторлар сонымен қатар белгілі әлемдік эпидемиялар кезінде немесе одан кейін жазылған психикалық денсаулыққа карантиннің салдары туралы жиырмадан астам мақалаларға талдау жасады (атап айтқанда, 2014 жылы Эбола індеті және 2003 жылы SARS). Көптеген мақалаларда оқшаулану мазасыздықтың, ұйқысыздық және эмоционалды тұрақсыздықтың жоғарылауынан кейінгі травматикалық синдромға (PTSD) және депрессияға дейін жеткізуі мүмкін екені жазылған.

Алайда бұл зерттеудің нәтижелерін қазіргі жағдаймен толық байланыстыруға болмайды, өйткені коронавируспен пандемиясы тарихта алғаш рет әлем бойынша оқшаулануға алып келді. Пандемия аяқталмағаннан кейін бір нәрсені қорытындылау мүмкін емесі және бар. Бірақ қазірдің өзінде психологтар алаңдаушылық, суицидтік көңіл күйі, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың өсуі, сондай-ақ эмоционалды дисрегуляцияның өршігенін байқаған. Мұндай құбылулар, әсіресе корона-вируспен ауыратын адамдарда жиірек анықталыпты. Зерттеушілер халықтың жүйкесінің нашарлауына карантиннің ұзақтығы, инфекциядан қорқу, көңілсіздік пен жалғу, азық-түлік пен тұрмыста пайдаланатын заттардың қоры жеткіліксіз болуы және жалған ақпарат әсер етіп жатыр деген байламға келіпті. Тек қана науқастар мен халық емес, бұрын мұндай жағдайды бастан өткермеген дәрігерлер де алғашында антидепрессанттардың көмегімен жүргендерін айтқан еді. Алайда карантин барлық адам үшін ауыр болмағаны да атап өту керек, кей жандар үшін оқшаулану жайлы әрі ыңғайлы болған.

Психологқа жүгініп жататындар – 17-30 жас аралығындағы жастар

Елімізде психологқа бару, күйзеліс, депрессия ұғымдары қарапайым халық арасында жиі айтыла бермейді. Маман көмегіне жүгінетіндер де басқа елдермен салыстырғанда аз. Дегенмен індеттің әсері бізді де айналып өтпегені



анық. Осы мәселе төңірегінде психолог маманның пікірін білген едік.

– Адамдар түрлі сұрақтармен келеді. Көбі әрине, пандемияға қатысты үрейден туған сауалдар. Онлайн кеңес бердік. Маған келген өтініштердің шамамен 40 пайыздан астамы коронавирусқа байланысты болды. Небір жағдай бар, кейбіреулер есікке қол созудан қорыққан. Тағы бір лек қабылдаған пациенттердің 60 пайызында қоғаммен қарым-қатынас қиындап, депрессия проблемалары туған. Моральдық қолдауға өтінші көп түседі. Негізінен психологқа жүгініп жататындар – 17-30 жас аралығындағы жастар. Оқшауланған соң оқуында, күнделікті өмірде мәселе көбейіп, стреске түскен.

Бірде біздің қызметімізге логистикалық компания жүгінді. Сол мекемеде көп адам вирустан қайтыс болған екен. Сосын басқаларында қорқыныш пайда болған. Аймақтарда мұндай мәселенің көп екені анық, оларды қолдау қажет. Стреске түскен адам іштегісінен ақтара алмаған соң, сыртқы ортаға небір агрессия білдіріп жатады – дейді психолог Сандуғаш Құдайбергенова.

308 әйел қолдау көрсететін дағдарыс орталықтарына шағым түсірген

Одан бөлек пандемия отбасылық зорлық-зомбылықты да үдетіп жібергенін байқадық. Карантин жағдайындағы қатаң шектеулер бүкіл әлемде тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын күрт көбейтіп жіберген. Сәуір айының басында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антонио Гутерриш

отбасындағы зорлық-зомбылықтың жағандық өршуіне куә болып отырмыз деп мәлімдеген еді.

Ішкі істер министрлігінің дерегіне сенсек, наурызда карантин басталғаннан кейін арада екі ай өтпей жатып зорлыққа ұшыраған 308 әйел қолдау көрсететін дағдарыс орталықтарына шағым түсірген екен. Ал мұның тасасында беті ашылмай қалған қанша оқиғаның бары беймәлім. Біріккен Ұлттар Ұйымы маусым айында әлемде балаларға қатысты да зорлық-зомбылықтың күрт артағанын айтып дабыл қаққан еді. Осы мәлімдеме шындыққа ұласты десек, жаңылысқанымыз емес. Мәселен, қазіргі уақытта Қазақстандағы қоғамдық ұйымдардың бірлескен дерегіне қарар болсақ, балалардың жәбір көруі әдеттегіден 1,5 есе артқан. Бір ғана Нұр-Сұлтан қаласында жыл басынан бері 150-ден астам отбасының балалары өз ата-анасынан зорлық көріп, есепке алынған. Сондықтан бұл мәселенің де алдын алмасак, ушығар түрі бар.

Әлемді жайлаған індеттің елімізге жеткеніне де жылға жуықтап қалды. Кімге болсын, оңай емес. Қазір індеттің өзінен салдары қиын тиіп жатыр.

Бұл жылды да тарих қойнауына жібереміз. Елдің бәрі ертеңіне үрке қараса да, жаңа жылдан жақсылық күтетіні айтпаса да түсінікті. Күйзеліс – жанның дерті, ал «жан ауырса, тән шынғырады». Ішкі жан дүниенің дауылы сыртқа білінбей қалмайтыны тағы бар.

Ділда УӘЛИБЕК

# БҰЛ БІЗДІҢ БҰРМАЛАНБАҒАН ТАРИХ!

(Соңы.Басы 4-бетте)

Рашид ад-Дин «Шыңғыз ханның және оның әулетінің (басына қонған) бақтың себебінен басқа жалайыр, татар, ойрат, онғұт, керейт, найман, таңғұт сияқты басқа түркі руларының барлығы өздерінің (ежелден) белгілі атаулары мен өзіндік лақаптары бола тұра, атақ-абырой үшін өздерін «мұғұл» деп атайды, - деп жазыпты.

Тарихи деректерге ерекше мән берілген кітапта татарлардың кім екені туралы нақты тұжырым бар. Татарлар бір тайпаның аты емес екен. Сөзімізді дәлелді болу үшін «Жамих ат-Тауарих» кітабына жүгінелік. Онда төмендегіше жазылған:

«... қазірге дейін Қытай, Үнді, Синд аймақтарында, Шын мен Машында қырғыз, қилар, башқұрт елінде Дешт Қыпшақ пен солтүстік аймақтарда, араб қауымында Шамда, Мысырда, шығыста барша түркі тайпаларын татарлар деп атайды».

Тарих кітабына қарағанда «атақты да даңқты татар рулары алтау екен. Таратып айтсақ, тұтұғыл-татар, алшы-татар, терат-татар, барқы-татар. Солардың ішіндегі ең құрметтісі, сыйлысы, белгілісі тұтұғыл руы екен.

Татарлар мен мұғұлдар бірде тату, бірде бату жүрсе керек. Аяғы тіпті жаугершілікке ұласады.

Оған бір ғана мысалды айтсақ та жеткілікті.

Қабыл ханның қоңыраттан шыққан әйелі Қуақу Лұқудың тұған ағасы Сайын тегін ауырып қалады. Оны емдеуге мұғұлдар татарлардан Жарқыл деген емшіні алдырады. Оны «Ками» деседі екен. Ол ауруды қамшымен емдейді. Бірақ, оған ем қонбай, Сайын тегін өледі. Бірақ оның аға-інілері кейін Жарқыл емшіні өлтіріп кетеді. «Соның себебінен мұғұлдар мен татарлар арасында жаугершілік пайда болды» деп жазыпты тарихшы.

Қанға-қан, жанға-жан. Дала заңы осы. Татарлар Қамбағай қағанды ұстап алып, оны Қытай патшасына жібереді.

Рашид ад-Дин мұны былай деп жазады. «Қытай патшасы Қамбағай қағанды темір шегемнен ағаш есекке қағып тастауға бұйырады. Сонда Қамбағай қаған былай дейді: Мені сен емес, басқалар ұстады. Менімен мұндай жиіркенішті түрде (есеп) айырысуың ешбір мақтануға лайық емес. Төмен әрі бекзаттылықтан тыс (іс болып табылады). Барлығы менің туыстарым болып келетін мұғұл тайпалары (мен үшін) сенен кек қайтаруға тырысады, сол себептен саған да, сенің мемлекетіңе де қиындықтар келеді».

Бірақ Алтан хан Қамбағай қағанды ағаш есекке қағып, қинап өлтіреді.

Бұл - басқа да тарихи деректерде де орын алған ақиқат.

Зауал көп ұзамай келді. Қабыл ханның ұлы Құтула хан Қытай әскерін жойып, елін қырғынға ұшыратады. Бар байлығын тартып алады.

Бұдан нені ұғынуға болады?! Шыңғыз хан ұрпақтарының мұғұл екендігінде. Мұны тарихи санаға құйып қоялық.

Енді Меркіт деп жүргеніміз кім? Соған тоқтайық.

Оған жауапты Рашид ад-Дин кітабынан табамыз.

Меркіттердің тағы бір аты Удойыт екен.

Удойыт-меркіт руы төрт тармақтан

тұрады. Олар – ухаз, мудар, тудаклин және жиуын.

Тарихшының жазуына қарағанда «меркіттер мұғұлдардың бір бөлігі (тайпасы) еді». Олар Шыңғыз ханмен де, Онмен де шайқасып соғысқан.

Меркіттер қолына Шыңғыз хан ойда жоқ та түсіп қалады. Дала заңына сәйкес құнын төлеп, Шыңғыз хан қамаудан босап шығады.

Кейін Он хан мен оның бауыры Жағамбумен бірлесіп, Шыңғыз ханның үйін тонап, бәйбішесі Бөрте Фужинді алып кетеді. Кейін Бөрте қайтарады. Шыңғыз ханның ұлы өмірге келеді. Оған Жошы деген ат беріледі.

Рашид ад-Дин кітабында күрлеуіт, тарғұт, ойрат тайпалары туралы көп деректер бар. Басқа да ру тайпалары туралы қызықты деректер баршылық. Дегенмен, керейт тайпасы туралы айта кеткен жөн болар.

«Жамиғ ат-Тауарихқа» сүйенсек, көне замандарда бір патшаның жеті ұлы болыпты. Жүздері қара торы екен. Содан керейт деп аталып кетіпті.

Кітаптағы ұйғыр, қырғыз, қарлық тайпасы туралы деректер де қызық. Енді қыпшақ тайпасы туралы біршама шолу жасай кетелік.

Дерекке сүйенсек, Шыңғыз хан дәуірінде қыпшақтардың Күншақ атты әмірі болыпты.

Мұғұл болған түркі тайпалары туралы тарихи кітапта кең айтылған. Соның бір сарасы төмендегідей.

«Нируун мен қият руынан әрі Алан Қуанның таза әулетінен тарайтын және дүниеге оның тікелей алтыншы ұрпағы Қабыл ханнан тараған қият бөржіген аталатындар. Олардың шығу тегі келесідей. Олар Қабыл ханның немересі, Шыңғыз ханның әкесі Жесугей бабадурден тараған», - деген дерек қалың жұртты елдендетіп шығар.

Жалпы кітаптағы деректер мен авторлардың түсініктемелері арқылы көне замандардың көмбесін ашқандай боласын.

Кітап «Шыңғыз хан» деп аталатын болғандықтан, енді тікелей ол кім? Қандай ру немесе тайпаға кіреді деген сауал туындайды.

Авторлар «Жамиғ ат-Тауарихқа» сүйеніп, Шыңғыз хан шежіресін төмендегідей таратады.

-Шыңғыз ханның әкесі Жесугей, мұғұл тілінде оны «Ичига» дейді екен.

-Екінші атасы – Бартан Бабадур, мұғұл тілінде оны «Ибуга» деп атайды.

Үшінші атасы – Қабыл хан, мұғұл тілінде оны – «Илинчик» дейді.

Төртінші атасы – Тумбине қаған, мұғұл тілінде оны «Будатур» дейді.

Бесінші атасы – Байсыңқұр, мұғұл тілінде оны «Будакур» дейді.

Алтыншы атасы – Қайду хан, мұғұл тілінде оны «Бурқай» деп атайды.

Жетінші атасы – Дутум Манин, мұғұл тілінде «Дутақун» дейді.

Сегізінші атасы – Боданжар.

Авторлар Боданжарды тоғызыншы атасы деп есептейді. Бірақ, «Жамиғ ат-тауарихта» ол сегізінші ата деп көрсетіледі.

Сонымен, Шыңғыз қағанның тоғыз атасына дейін мұғұлдар екенін білдік. Сонда Шыңғыз ханның түбі түркі болмай ма?

Авторлар «Жамиғ ат-тауарихтағы» деректерді салыстыра келіп, Шыңғыз

қағанды 1155 жылы туып, 1227 жылы 72 жасында дүние салған деп есептейді. Бұл басқа да Шыңғыз хан туралы жазылған деректермен сәйкес келеді.

Шыңғыз қағанның ата-бабасы туралы деректер баяндалды. Ал оның отбасылық жағдайы қандай? Енді осыған назар аударып көрелік.

Шыңғыз ханның 500-ге жақын әйелдері мен күндері болыпты. Олар әр рудың қыздары. Ержан Исақұлов пен Зәріпбай Оразбай олардың біразын Шыңғыз хан мұғұлдардың дәстүріне сәйкес айттырып алған деп жазады.

Ал көпшілігі жорықта түскен тұтқын әйелдер сияқты. Дегенмен, Шыңғыз ханның жанына жақын бес әйелі болған. Солар туралы да әңгімелей кетейік.

Бірінші әйелі – Бөрте фужин, қоңырат руы патшасы әрі көсемі Дай Ноянның қызы. Бас бәйбіше атанған Бөртеден Шыңғыз қаған төрт ұл, бес қыз сүйеді.

Үлкені - Жошы. Одан бүкіл Дешт-Қыпшақтың барлық патшалары мен ханзадалары тарайды.

Одан кейінгі ұлы - Шағатай.

Үшінші ұлы – Үгедей қаған.

Төртіншісі – Төле.

Төле – мұғұлша – «Айна» деген ұғымға сәйкес келеді.

Шыңғыз қағанның екінші әйелі – Құлан хатун. Ол Ухаз – меркіт руының көсемі Қайыр Усунның қызы.

Үшінші әйелі – Есуған, татар қызы.

Төртінші әйелі – Күнжу хатун. Ол Қытай патшасы Алтан ханның қызы.

Бесінші әйелі – Есұлын, татар, төртінші әйелі Есуғанның тұған әкпесі.

«Шыңғыз хан» кітабындағы тағы бір өте маңызды деректі аттап өтуге болмайды. Ол Шыңғыз хан мен Әмір-Темірдің аталас, туыс екендігі туралы мәлімет.

Бұл тарихқа қаншалықты жанасымды? Мұны айғақтау үшін 1420-1425 жылдары Ширазда парсы тілінде шыққан Шараф ад-Дин Али Йазидің «Зафар нама» (Жеңіс кітабы) кітабына жүгінген жөн.

«Зафар нама» екі бөлімнен тұрады. Біріншісі – «Тарих-и Жахангир» (Әлемді жеңіп алушының тарихы);

Екіншісі – Әмір-Темірдің өмірбаяны мен оның дәуірі туралы жазылған. Бұл «Зафар намань» занды жалғасы болып табылады.

Бірінші кітаптың мазмұны «Шыңғыз ханның» баяны мен ата тегіне арналған. Кітаптағы тарихи деректер Рашид ад-Дин Хамаданидің «Жамиғ ат-тауарих» атты кітабынан алынғаны шүбә келтірмейді. Ал, Йазиді «Тарих-и-Жахангирді» алғысөз ретінде пайдаланған.

Әмір-Темір - Қарашар ноянның бесінші ұрпағы.

Енді Әмір-Темірдің тегін жіктеп көрелік. Әбу Музаффар Темір гурган (көреген) бин Әмір Тарағай бин Берқұл бин Еленгір бабадур бин Ежіл ноян бин Қарашар ноян бин Суғұл шешен бин Ердемжі барлас бин Қажула бабадур бин Тумбине хан бин Байсыңқұр хан бин Қайду хан бин Дутум Манин хан бин Бұқа қаған бин Боданжар хан бин Алан Қуа.

Авторлар өз кезегінде Санкт-Петербург университетінің профессоры Тұрсын Икрамұлы Сұлтанов сынды тарихшының әртүрлі деректерге сілтеме жасап, Әмір-Темірді Үгетайдың ұрпағы

деген ой-пікіріне келіспей, өз деректерін қарсы қояды.

Қос автор дулат руын Тумбине ханнан таратады. Ал Тумбине хан Шыңғыз ханның төртінші атасы, мұғұлша төртінші атаны «будату» дегенін алға тартады.

Тумбине ханның алтыншы ұлы – Қабыл хан.

Деректерге сүйенсек, мынаны көреміз: Боданжар мен Шыңғыз ханның үшінші атасы Қабыл хан бір әке мен бір шешеден тұған. Қабыл ханнан Қият, Боданжардан Дулат руы тарайды.

Әмір-Темірдің тұп-түкиянның қайдан шыққанын табу үшін Йазиді осындай салыстырмалы тарихи өмірбаянды орынды пайдаланған.

Йазидің таратуынша Шыңғыз хан мен Әмір-Темірдің аталары егіз болыпты. Оны таратып айтсақ төмендегідей болып шығады.

Тумбине ханның Қабыл мен Қажулы деген егіз ұлдары болыпты. Қабыл шежіре, тарихи дерек бойынша Шыңғыз ханның үшінші атасы. Ал Қажулы Әмір-Темірдің сегізінші атасы.

600 жыл бойы жасырын тарих Әмір-Темірді өзбек деп келеді. Енді тарих көмбесі ашылды.

«Зафар намадығы» деректер бойынша Қарашар барлас руынан шыққан. Шыңғыз ханның ең сенімді он әскер басшысы болған. Олар – Мұқалы, Бұқыршы, Бөрішұл, Құбылан, Шылауған, Қарашар, Жидай, Бадай және Қишылық екен.

«Шыңғыз хан» кітабында көне тарихи деректердің көптігі сондай, оны оқырманға жеткізудің өзі қиындық туғызады. Сондықтан көп адам біле бермейтін деректерге сіздердің назарларыңызды аударып отырмын.

Ол Шыңғыз хан Отырар қаласын қиратты ма, жоқ па? - деген сұрақ. Бұл тұрғыда күні бүгінге дейін әртүрлі көзқарастар, пікірталастар баршылық.

Осы сұраққа Ержан Исақұлов пен Зәріпбай Оразбай «... Отырарды Шыңғыз хан қиратып тастады деген ұғым қалыптастқаны белгілі. Ол шындыққа жатпайды» деп тұжырымдайды. Және оған өздерінің дәйектерін келтіреді.

Сол деректерді санамалап, сараптап, төмендегідей ой түйеді.

«... Шыңғыз хан Отырар қаласына хижра бойынша 616, яғни 1220 жылы келген болатын. Одан 289 жылдан кейін келген Бұрындық хан Отырарды ала алмай кеткен.

Бұған Рузбихан Исфакханидің 1509 жылы жазған «Михман нама-и Бухара» (Бухара қонағының жазбалары) дәлел. Соған сәйкес, Шыңғыз хан Отырарды қиратпаған».

Қорыта айтқанда, Ержан Исақұлов пен Зәріпбай Оразбайдың «Шыңғыз хан» кітабы өзінің құрылымдық жағынан қызық, деректері мол, түркі-мұғұлша сөздердің түсіндірмесі бар, тағы да басқа ғылыми ақпараты бай, ешкімді бей-жай қалдырмайтын ғылыми-танымдық еңбек.

Уәлихан ҚАЛИЖАН

Оқып көріңіздер,

Таласып көріңіздер,

Иланып көріңіздер!

Бұл біздің бұрмаланбаған тарих!

ҰҒА академигі, Қазақстан

Республикасының Еңбек

сіңірген Қайраткер

Abai.kz

Мұны осы тақырыпты талай жылдар зерттеген орыс және әлем ғалымдары жазып келеді

Түркі-қыпшақтардың ұлы бабасы – Шыңғыс хан туралы не білеміз?

Шыңғыс хан, шынында, сол қазіргі уақытта мұңғол атанып отырған буряттардан шыққан ба? Мұны зерттеу мүмкіндігі мол қазіргі орыс және дүниежүзі ғалымдары жоққа шығарып отыр. Біріншіден, Шыңғыс ханға байланысты оқиғалардың түгелі – оның жастық шағы, өсуі, хан тағына келуі және императорлық дәрежеге жетуі, міне, осылардың барлығы қазіргі Қазақстан аумағында болған оқиғалар деп жазылуда.

Сондай-ақ «мон-гол» атанған буряттар өте аз ел. Олар алып Қытай тұрмақ, ормандай қалың түркі қыпшақтарына да (яғни қазіргі қазақтарға) шамасы келмес еді дейді. Сонымен қатар Монғолия қыпшақ жерінен алыс, бір қырда жатқан кішкентай жұрт («крошечное население» – академик А.Федотов). Осылардың

Монғолияның «Моңғол» атауын алып, Алтын Орда империясын құрушы әрі орнатушы етіп көрсетілген. Бұл маған дейінгі ұйымдастырылып және қалыптастырылған істер екен. Осылайша Орта Азия халықтарының тарихына біраз өзгерістер кіргізілді. Бұл Октябрь революциясынан кейінгі Кеңес Одағының ұстанып отырған саясатына орай істелінген», – дейді (Медведев В.А. «Испытание историей» кітабынан). Осылайша біздің ата тарихымызды өзімізден ажыратып, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, мүлде бөгде елге саясатқа орай алып берген. Ал осы ұлы тарихты қайтарып алуға қазіргі қазақ билігінің және қазақ зиялы қауымының дәрмені жете ме, әлде солтүстіктегі көршімізден сескеніп, өз тарихымыздан қаша береміз бе?! Билігіміздің саясатына қарасақ, олардың шынымен де жасқаншақ екені көрініп тұр.

Сонымен қатар тағы да кейбір ғылыми-зерттеу еңбектерден нақтырақ болсын деп, мына сөйлемдерді орыс тілінен аударып бердік: «Аудармада «Шыңғыс хан» атауының өзі



# ШЫҢҒЫС ХАНДЫ МОҢҒОЛИЯДАН ЕМЕС, БАТЫСТАН ІЗДЕУ КЕРЕК

барлығын оқып, салыстыруға, зерттеп, зерделеп көруге мойнымыз жар бермеген біз ғана ескі сұрлеумен жүріп келеміз. Осы тақырыпқа жазылған әлемдік зерттеу жұмыстарын оқымай, қарамай және ізденбей, тек қазақы ой-пікірмен ғана жүріп, өтірікке құрылған тарихты маладанып әлі жүрміз. Әлемдік және еуропалық, тіпті қасымыздағы ресейлік ғалымдардың зерттеу өркеніне жете қоймаған, монғол ғалымдарының тар түсінікте, өздерінің дәстүрінде болмаған, тарихында кездеспеген, көрші шүршіт елінің жымсық саясатының арқасында өтірікті шындай соғып жазғандарына сеніп жүрген біз де кереметпіз-ау.

Ал енді осы Шыңғыс хан тақырыбына жазған өзге елдің жазушылары мен ғалымдарының жұмыстарын оқып, тындап көрейік. Сонымен, В.Кожинның «Правда против кривды» деп аталатын зерттеу кітабын алайық, онда былай дейді: «Написал «Алтан тобчи» вроде бы ученый лама Лубсан Данзан. Кстати, а почему именно Лубсан Данзан считается и автором «Алтан тобчи»? Да исключительно оттого, что историкам больше некого оказалось привлечь. Оглянувшись и поскребя по сусекам, они вспомнили, что в конце XVII – начале XVIII века жил и творил лама Лубсан Данзан, писатель и переводчик. Значит, он и написал. Почему? А потому, что некому больше. Вы не поверите, вы будете смеяться, но примерно так и излагается...»

И наконец, самое существенное. «Алтан тобчи» – вовсе не историческая хроника времен Чингис-хана. Большею частью это – чисто ламаистские сочинения более позднего времени: расказ о возникновении человека, о происхождении индийских и тибетских царей, о тех или иных буддистских догматах. О самом Чингис-хане, его походах и совершенных сказано гораздо меньше, да и подход весьма своеобразен...

В большинстве случаев летописцев упоминают только названия завоеванных стран. Сведения о военных походах для летописцев XVII в. уже были утеряны.

Не забудьте: нам старательно впаривают, что очень долго именно в Монголии существовал стольный град наследников Чингис-хана Каракорум, не только административный, но и культурный центр, где жило много ученых книжников. Как же так получилось, что обладавшие таким культурным центром монголы ухитрились начисто забыть подробности завоеваний Чингис-хана, сохранив лишь «названия завоеванных стран?»

Все мгновенно становится на свои места, если вернуться к тому, что Чингис-хан никакой не монгол, а кипчак. Скучность монгольских сведений о нем получает простое и логичное объяснение: поскольку монголы не принимали никакого участия в свершениях Чингис-хана, то и сведения о них имелись самые общие.

Ғалымның зерттеу кітабында тағы бір мынандай жолдар бар: «Алгун-хан (Алтын хан) послал против мятежников войско. Чингис-хан это войско моментально расколошматил в хвост и в гриву, так что Алгун-хан бежал в Индию с остатками войск приближенных, бросив страну на произвол судьбы. Естественно, Чингис-хан со сподвижниками перенял бразды правления, а также занял тот самый город Хара – Баласагун в долине реки Чу, который позже станет на роль мифического Каракорума», – дейді. Көрініз бе, қаншалықты дәлдікпен жазылғаны.

Сондай-ақ кезінде Кеңестер Одағы орталық комитетінің бас хатшысы болған М.Горбачевтың тұсында, осы орталық комитетте идеологиялық хатшы болған Вадим Медведевтің жазған еңбектерінде мынандай жолдар бар екен. Шамамыз келгенше мұны қазақшаға аударып көрсеттік. «Өз уақытында біздің тарихшы ғалымдарымыздың ұсынысымен Алтын Орда империясының негізін қалаған қыпшақ-қайсақтардың және олардың атғышылы тарихы, сонау бұрынғы үш жарым ғасырлық орыс империясының тұсындағыдай етіп, кеңестік идеологияға сәйкестендіріп, өзгерту керек болған. Осыған орай, Кеңес Одағының жақын досы және Қазақстанның дәл іргесінде жатқан

«Мұхит хан» дегенді білдіреді. Мұндай сөз монғолдарда қайдан болсын? Тек Каспий мен Қара теңізді. Атлант мұхитын көрген түркілер ғана өз билеушісіне осындай есім бере алады. Жалпы, Шыңғыс ханның өмірбаянын Қытай мен Монғолиядан емес, батыстан іздеу керек. Бірінші кезекте мен Андрей Лызловтың «Скиф тарихына» жүгіндім. Лызловта Шыңғыс хан туралы ақпарат аз, бірақ Қытай «ертегілеріне» қарағанда әлдеқайда нақты. Әрине, Лызловта «монғолдар» жоқ, тек татарлар ғана айтылады. «Еділ ордасы (Қыпшақ ордасы) деп аталатын татарлар Еділ өзенінің бойында, Каспий теңізіне дейін өмір сүреді». Міне, Шыңғыс хан осы Еділ ордасынан шыққан. Ол туралы Лызлов былай деп жазады: «Жесірдің ұлы ержетіп, Еділ ордасын көбейтті, Ұлы даланы бағындырды». Көріп отырғаныңыздай, монғолдар мүлдем аталамайды. Түркілер – бір кездері Еділ мен Каспийге қоныс аударған қыпшақ халқы.

Хорезмдік дін қызметкері Ән-Насивидің кітабынан да осындай деректерді атап өтуге болады. Өйткені ол Шыңғыс ханның замандасы және тәуелсіз куәгер. Басқа шығармалардың авторлары Шыңғыс ханның қызметінде болды, сондықтан олардан ақиқат күту қиын. Ән-Насиви де «монғолдарды» байқамайды. Шыңғыс хан халқы – түркілер, нақтырақ айтқанда қыпшақтар және оның өзі де монғол емес, түркі-қыпшақ. Ал монғолдар деп аталатын халық – буряттар, Шыңғыс хан империясынан бірнеше мың шақырым жердегі кішкентай халық.

Қазіргі монғолдар – қалқалық буряттар. Олар ресейлік орхон буряттарымен тұтас халық болып есептеледі. Олар бір тілде сөйлейтін, бір дәстүрдегі және будда діндегі адамдар. Ұлттық киімдері де бірдей. Оны орыс зерттеушілері осылай деп жазып, көрсетіп келеді. Біртұтас жұрт болғанымен, орыстар шекара түсіргенде екіге бөлініп қалған. Астаналары Улан-Батор біздің тілде «Қызыл батыр» деген түсінік берсе, одан жүз шақырымдай алыс тұратын Улан-Удэнің қазақшасы «Қызыл сұңқар» деп аударылады. Ерінбей ізденіп оқыған адамға барлығы зерттеу кітаптарында нақты жазылып тұр. Осыларды біздің ғалымдар, сондай-ақ қазақ оқырмандары неге тауып оқымайтынына қайран қаламыз. Қарапайым сөзбен айтсақ, ресейлік Осетия мен грузиялық Осетия секілді екіге бөлініп қалған. Монғолия (буряттар) – өте кішкентай ел. Орыстардың зерттеуінде олар осыдан мың жыл бұрын саны бірнеше мыңға әрең жететін жұрт болған. Сондықтан олардың империя құрып, Қытай секілді алып мемлекетті жаулап алуы 100 пайызға дұрыс емес», – дейді орыс ғалымдары.

Олар шындықты жазып отыр. Енді сол жазушы және ғалымдарды тағы да сөйлетейік: «Жалайыр, найман, меркіт, қият, қонырат, керей, арғын – Шыңғыс ханның «монғол» рулары тізбелеу кезінде айтылатын рулар – бұл қазіргі қазақ рулары. Монғолдарда мұндай тайпалар болған емес және оларға еш қатысы жоқ. Сондай-ақ жаңа ханды сайлаудың «ежелгі монғол» дәстүрі монғолдарда болмаған, тіпті «хан сайлау» дәстүрін оларды зерттеп қарағанымызда таба алмадық. Ал енді қазақтардың XIX ғасырдың соңына дейін сақталған әдет-ғұрпында бұл сақталған: кандидат көпшілік дауысын алған соң, ақ киізге отырғызылып, үш рет көтеріледі, жұрт «Хан! Хан! Хан!» деп қатты айқайлайды. Содан кейін киіз кішкентай бөліктерге жырттылып, қатысушыларға таратылады. Түркі-қыпшақ тілінде бұл сайт «Хан көтеру» деп аталады. Монғол тарихында мұндай дәстүр жоқ және болған да емес.

Шыңғыс хан – монғол емес, қыпшақ. Оған бағынған халық та түркі-қыпшақтар. Шыңғыс ханның монғол екені тек «Құпия аңыз» бен «Алтан тобчи» кітаптарында айтылады. Олар Шыңғыс ханнан кейін бірнеше ғасыр өткен соң пайда болған кітаптар». Бұл деректер мына еңбектерден алынып отыр: Александра Бушкова. «Чингис-хан. Неизвестная Азия»; Андрей Лызлов. «Скифская история»).

Сонымен қатар көрнекті жазушы және танымал зерттеуші ғалым Р.Храпачевскийдің «Военная держава Чингис-хана» атты зерттеу кітабында мынандай жолдар бар: «Собственно монгольская письменность сложилась только в XVII веке. Так что никакие «современных Чингис-хану» монгольских летописей в природе не существует. Есть на свете два варианта «древней монгольской истории»: «Сокровенное сказание» и «Алтан тобчи». Давайте присмотримся...

«Сокровенное сказание» (представляющее собой лишь часть книги «Алтан тобчи»), или, на китайский манер, «Юань-чао биши», объясняет только в девятнадцатом столетии. В 1841 году китайский ученый Чжан Му составил сборник редких старинных сочинений и легенд о кочевых племенах кипчаков Великой степи, затем в 1848 году напечатал его – и это-то печатное издание и попало в руки к знаменитому китаеведу Палладию Кафарову, привезшему его в Россию.

Никаких оригиналов «Сокровенного сказания», никаких более-менее старых рукописей обнаружить так и не удалось. Самая «древняя» рукопись относится опять-таки к первой трети девятнадцатого столетия».

Сондай-ақ кітаптың тағы бір жерінде былай дейді. Мұны да сол күйінде аудармай, орыс тілінде келтірдік: «... Одним словом, мы вплотную подошли к простому, чуть ли не примитивному вопросу: а кто у нас к XIII веку в Азии обладал опытом государственного строительства, создания профессиональной армии, управленческого аппарата, организации больших масс людей на военные или «народнохозяйственные» проекты? Ответ и искать не нужно, он лежит на поверхности. Конечно же, кипчаки. Имевшие за плечами многовековой опыт каганатов, опыт государственности, эль (ел). Богатейший опыт! Насколько с точки зрения реальной экономики, военной истории, техники и политики самым что ни на есть сомнительнейшим кандидатом на роль объединителей Великой степи предстают монголы, настолько же подходящим – кипчаки».

Көрініз бе, олар анық-қанығын зерттеп қалай жазған. Біздің ғалымдарымыз бен жазушыларымыз осылай нақты үніліп, салыстырып және зерттеп жазса ғой, қазақы оймен, ескі, жалған жолмен жүре бермей. Әйтпесе «Алтын топышыны» («Алтан тобчи») жазған тибеттік лама Лубсан Данзанның (XVII ғасыр мен XVIII ғасыр аралығында) «моғол» сөзін «моңғол» деп өзгертіп, ойдан көп нәрсеңе қосып жазған сандырағына сенуге бола ма? Ол Ұлы далада көшіп жүретін қыпшақ тайпаларының аңыздарын жинап, оны ішінара көз өзгертіп, шығарма етіп жазған.

Сонымен, осы ғылыми-зерттеу еңбекті одан әрі оқық: «Перед нами, таким образом, никакой не монгол, а обычный кипчак. Знатный представитель старинного рода, не гонящего скот по степям, а имевшего тот самый многовековой опыт государственного строительства. Наследник эль (ел), былых каганатов. У такого человека, естественно, есть откуда взяться опыту создания армии, государства, писаных законов. И экономические возможности имеются – во всех каганатах были свои «промышленные центры». Для кипчака Чингис-хана создание нового государства было не каким-то экзотическим экспериментом, а делом самым что ни на есть обычным, которым на протяжении долгих столетий занимались его предки». Зерттеу жұмысында осылай ап-анық жазылған. Біздің ғалымдарымыз осылай терен зерттеп, салыстырмалы түрде жазса дейсің. Қазіргі монғол аталған бір ұсыс халхалық буряттардың ұлт ретіндегі жүріп өткен жолындағы тарихында кездеспейтін мұндай ұлы оқиғаларды соларға тели бермей. Әйтпесе қытайдың жымсық саясатымен құрылған тарихтың жалған екенін түсінетін уақыт жетті емес пе?!

Сонымен қатар Д.Уэзерфордтың «Чингис-хан и рождение современного мира» деген кітабында әлем таныған Шыңғыс хан туралы мынандай жолдар бар: «Чингис-хан» и «Темуджин» – совершенно не монгольские имена, а тюрко-кипчацкие. В народном киргизском

эпосе «Манас», а также в казахских эпосах «Алпамыс батыр», «Кобланды батыр», «Ер Таргын» и другие, что называется... в упор не видят никакой такой «великой монгольской империи». Согласно этим эпосам, у средневековых кипчаков было только два серьезных противника, с которыми они постоянно боролись на этих территориях: это китайцы и кочевые племена калмыков, как раз и обитавших тогда в районе современной Монголии. Современные монголы – это лесные поселения, появившиеся на этой земле только несколько веков спустя», – дейді. Енді осыларды оқып отырып не деуге болады?! Қазіргі монғол атанып отырған, кезінде орманнан шыққан буряттар, осы өңірге кейіннен бірнеше ғасыр өткен соң ғана келген адамдар. Негізінде, бұл өңірде өз уақытында қоныраттар мен наймандар, жалайырлар мен керейлер және тағы басқа қазақ тайпалары қалмақтармен және қытайлармен жағаласып тіршілік кешкен.

Сонымен қатар америкалық зерттеуші ғалым Хилда Хуккем Әмір Темір туралы жазған зерттеу кітабында: «Темірлан империясы да, ата-бабасы Шыңғыс хан мен оның құрған империясы да ежелгі қыпшақ тілінде сөйлейтін», – дейді. Енді түсінікті болу үшін таратып жазайық. Өзбектер мен ұйғырлар түркі халықтарының құрамына кіргенімен, олар қарлұқ тайпасына жатады. Түрікмендер, түріктер, әзірбайжандар оғыз тайпасы болып есептеледі. Бұлар да түркілер. Қазақтар қыпшақ тайпасына жатады. Сонда Әмір Темір мен Шыңғыс хан империясы қай тайпаның құрған қағанаттары? Әрине, қазақтарды болып шығады. Мұны Хилда Хуккем тайға таңба басқандай етіп жазған.

Ал өз уақытында «Моңғол» деп аталған империяның соңында, кезінде оның құрамында болған елдерде қазіргі монғолдың қандай ізі бар?! Олардың бізде қалған тілі бар ма немесе олардан бізге ауысқан дәстүрі, салт-санасы бар ма?! Тіпті өзге жұрттарға жұққан баламалық музыкалық құралдары да жоқ. Шыңғыс хан империясы тұтасымен түркі-қыпшақтардың қағанаты болғандықтан, Азияның көптеген елдерінде түркі-қыпшақтардың тілі, дәстүрі, фольклорлық эпостары және музыкалық құрал-аспаптары қазіргі күнге дейін сақталған. Қазақтың және түркі елдерінің (өзбек, қырғыз, каракалпақ, түрікмендер т.б.) мыңдаған жылдардан келе жатқан ауыз әдебиетінде, эпостарында «моңғол» деген сөзді қай кезде кездестіріп едіңіз?! Сондай сөзді бір рет болса да оқыдыңыз ба?! Тек «Қият» деп аталатын қыпшақ тайпасының атауын ғана кездестіресіз. Бұл тайпаның құрамына қазіргі көптеген қазақ рулары кіреді. Нақтырақ айтсақ, біріктірілген құрақ деуге болады. Егер оқымасаныз, өзін бір жарым ғасыр тәуелділікте ұстағанын намыс көріп, бірнеше ғасырдан кейін қытай саясатының ұйғарымымен, олардың ғалымдары мен белсенділері әдейі ұйымдастырып, Шыңғыс ханды өздерінің сенімдері (діндері) адамға жатқызып, өз ұлтының бір тармағына жақындатып жазғанына сенуге бола ма?!

Өттең, біздің билікте жүрген кейбір азаматтардың қорқақтығы мен тарихи сауатсыздығы (Қытай мен Ресейден соншалықты неге қорқатынын түсінбейміз. Әлде тәуелсіздігімізге нұқсан келеді деп ойлай ма немесе инвестиция келмей қалады деп күдіктенеміз?) Шөкімдей бурят-моңғолдар Қытайдан неге қорықпайды, біз неге соншалықты сескенеміз?! Шыңғыс хан және Алтын Орда империясын толыққанды Қазақ елінің еншісіне алып бере алмай отыр. Кейбіреулер Шыңғыс ханды шартарап елдері Монғолияға беріп қойды деп ойлап жүрген болар. Мүлде олай емес. Қайта әлем ғалымдары мен жазушылары ағаты қолды түбегейлі зерттеп, ешқандай монғол емес, ол түркі-қыпшақтан шыққан ұлы тұлға деп, қаншама зерттеу еңбектерінде жазып келеді. Соны біздің ғалымдарымыз оқымай ма, әлде ізденбей ме, түсініксіз. Мешуе қалған монғол ғалымдарының Қытайдың китүрқы саясатына орай, жалған жазған өтіріктеріне сене бермейік.



## САТИ КАЗАНОВА НАЗАРБАЕВТЫҢ КҮЙЕУ БАЛАСЫМЕН БОЛҒАН МАХАББАТ ХИКАЯСЫ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРДІ

Ресейлік әнші Сати Казанова Қазақстанның экс-президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың күйеу баласы, бизнесмен 54 жастағы Тимур Құлыбаевпен болған махаббат хикаясын ашып айтып берді, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

38 жастағы әнші Надежда Стрелецтің YouTube-шоуының қонағы болып, жеке өмірі туралы ашық айтты.

Сати Казанованың айтуынша, Тимур Құлыбаевпен ара-қатынасы 2005-2008 жылдары болған. Олар «Фабрика» тобының корпоративті кештерінің бірінде кездескен.

«Мен оны ұзақ уақыт аулақ ұстадым. Алты ай. Ол маған ұнамады, ол менің типім емес еді. Бастапқыда мен онымен сөйлесуге де келіспедім. Содан ол туралы ойлана бастадым. Мұның бәрі оның жеке басына, тартымдылығына байланысты, ол өзіне сенімді адам болды», - деп мойындады Сати.

Әнші олигархқа қатты ғашық болғаны сонша, екінші әйел болуға да келіскен. Бұл ретте ол Тимурдың байлығына қызықпағанын атап өтті.

Құлыбаевтың көмегімен Сати йогамен айналысып, темекіні тастаған.

«Ол мені құтқарды», - деді әнші. Жұп қазақстандық бизнесменнің

опасыздығы кесіріннен айырылысқан. Оған басты себеп олигархтың тағы бір көңілдісі Гога Ашкеназидің жүктілігі туралы хабар болған.

«Мен оны жақсы көрдім, бірақ жағдайдың құрбаны болғым келмеді. Мен үшін ішкі еркіндік маңызды. Бұл қарым-қатынаста мен күйрейдім. Ол кезде бұл дұрыс емес еді. Менімен қатар басқа біреумен қатынас құрғаны сатқындық болды. Мен үшін бұл мүмкін емес нәрсе. Егер осындай қарым-қатынасқа келіссем, онда мен өзіме, әйелдік абыройыма опасыздық жасар едім. Айырылысу менің бастамам болды. Әйелдік

абыройым бұған келісе алмады. Бұл қарым-қатынаста ешқандай тазалық жоқ. Адалдық жоқ. Ол бұдан артық бере алмады», - деді Сати Казанова.

Еске салайық, әнші қазақстандық олигархпен қарым-қатынасы туралы алғаш рет екі жыл бұрын «Секрет на миллион» бағдарламасында айтқан. Бірақ ол кезде ғашығының атын атамаған. Ал бағдарлама редакторлары жұмбақ жан Тимур Құлыбаев екенін мәлімдеген. Сати әлі күнге дейін олардың әрекетіне ренжулі екенін айтып қалды.

«Мен оның есімін айта алмаймын, өйткені ол үйленген азамат, отбасы, балалары. Алайда оны қатты жақсы көрдім, тіпті оған бала тууды жоспарладым. Оның жанында өзімді нәзік гүл сияқты сезінетінмін. Ол маған гауһар тасты бұйымдар, содан кейін көлік, үй сатып алып берді.

Әйелімен ешқашан көріскен емеспін. Бірақ мен туралы білді деп ойлаймын. Себебі сонша ақшасы, қолында билігі бар еркектің сондай болатыны белгілі нәрсе», - деп ағынан жарылды Сати Казанова.

Айта кетейік, танымал ресейлік әнші Сати Казанова 2017 жылы италиялық фотограф Стефано Тиоццоға тұрмысқа шықты.

## ҚАЗАҚСТАНДА ПАРЛАМЕНТ САЙЛАУЫ ӨТЕТІН КҮНІ НЕ БОЛАДЫ?

Қазақстандық көріпкелдер мен нумерологтар парламент депутаттары сайлауы өтетін күні қандай жағдай орнайтынын болжап көрді. Бұл туралы «31» арнаның «Информбюро» бағдарламасы хабарлайды.

Астрологтар он, нөл бір, екі мың жиырма бір сандарының тоғысқан күні - көпшіліктің энергиясы таситын күн деп отыр. Әрі бұл энергияны елдің біраз бөлігі ұрыс-керіске жұмсап қояды екен. Бұған уран ғаламшарының өте баяу жүретіні себеп болады дейді болжамшылар. Мұндай көңіл-күйден адамдар тек сайлау аяқталғаннан кейін, 11 қаңтар күні түс ауа шыға бастайды. Көріпкелдер де дауыс беретін күні жұрттың жүйкесі жұқа болатынын айтып отыр.

Тәсілісін тартып, болашақ күндер туралы бал ашумен айналысатын Фируза апа, әуелі «дауыс беруге елдің ағылып бара жатқанын көріп тұрғанын» айтады. Бірақ, қазірден бастап жастарға жөнді жол сілтемесе, олар кез-келгеннің үгіт-насихатқа еріп, арты дауға ұласуы мүмкін деп болжайды.

Оның айтуынша, абыройды ақшаға сатып алмақ болғандардың шынайы бет-бейнесі де осы айда ашылады. Дегенмен, іштен жау шықпаса, дәл 10 қаңтар күні сырттан төніп тұрған қауіп жоқ деп отыр.

«Қағамдағы белсенді жастар болады бұлар. Оқу орындарында жиналады. Сондай ақымақтар бар. Олар оны қылам, мұны қылам деп топалаң шығарады. Басқа жақтан еш жаман көрісе келмейді, бәрі жақсы болады», - деді көріпкел Фируза Бадалова.

Ал астролог әрі нумеролог Индира Омарованың сөзінше, дәл сайлау болатын



күн - Уран ғаламшарының өте баяу жылжитын соңғы тәулігіне түп-тура келіп тұр. Индираның айтуынша, бұл күні адамдар энергиясын ұрыс-керіске жұмсап қояды. Сондықтан ол күні жаман ойдан аулақ болу керек екенін ескертеді.

«Бұл күні жер бетіндегі адамдар үшін өте қарбаласқа толы күн болады. Үлкен мүмкіндіктерді сәтті пайдалануға жол ашық. Бірақ энергиясын жағымсыз әрекеттерге жұмсап жіберу қауіп де көп. Сондықтан, әр қадамды ойлап отырып басқан жөн. Ескі көзқарастан арылатын, жаңаша ойлауға мүмкіндік беретін жоғарыдан өзі сигнал келеді», - деді астролог-нумеролог Индира Омарова.

Сайлаудан кейін, яғни 11 қаңтар күні түске дейін адамдардың барлығы шаршаңқы күйде болса, түс ауа бойларына қайта қуат жинала бастайды екен. Астрологтар сол күні жолда абай болуды ескертеді.



еңбекақылары көбейіп жатыр.

Сонымен қатар мұғалімдер біліктілік санатына қарай еңбекақының 30-дан 50 пайызға дейінгі көлемін қосымша ала алады. Өз ісіннің шебері болса, ай сайын еңбекақыға қосымша 50 пайыз төлем алып отыруға да болады. Пәнді ағылшын тілінде жүргізгені үшін, дәптер тексергені үшін, сынып жетекшілігі үшін де қосымша ақы

## БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ КӨШТИҢ СОҢЫНДА ҚАЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІ АНЫҚТАДЫ

Білім министрлігі 2020 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық жоғары оқу орындарының рейтингін жариялады. Зерттеу жұмыстарын ҚР БҒМ тапсырысы бойынша жұмыс берушілердің қатысуымен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүргізді. Рейтингке ПМ, ҰҚК және Қорғаныс министрлігіне бағынышты білім беру мекемелерінен басқа еліміздің барлық жоғары оқу орны қатысты, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі.

Жұмыс берушілердің пікірінше, 2020 жылғы аутсайдерлер:

«Сырдария» университеті  
Шымкент университеті  
Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті

«Астана» университеті  
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Академик А.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті  
Шет тілдер және іскерлік карьера университеті

Қазақ-Орыс халықаралық университеті  
Қызылорда қаласы «Болашақ» университеті

«Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты

«Сырдария» университеті, Шымкент университеті, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті және «Астана» университеті үшінші жыл қатарынан аутсайдерлер қатарында. Рейтинг нәтижелері қосымша критерий ретінде жоғары білімі

бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу кезінде ескеріледі. Биыл алғаш рет мемлекеттік тапсырыс 36 жоғары оқу орнында орналастырылған жоқ», - деп атап өтті ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрайымы Гүлзат Көбенова.

Айта кетейік, рейтингті жасау барысында түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері, ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының сапасы және білім алушылардың жетістіктері ескерілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша 2020 жылы түлектерді жұмысқа орналастырудың орташа крсеткіші өткен жылдар деңгейінде қалып отыр және 71%-ды құрайды. Мамандандырылған агенттіктерде білім беру бағдарламаларының 73%-ы аккредиттелген, оқытушылардың 72%-ы практикалық тәжірибеге ие. Сондай-ақ 36 жоо студенттері стартап-жобаларын іске асырды.

Жалпы, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларының сапасы мен өзектілігіне қанағаттану деңгейі 2018 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда үштен бірге артты. Жоғары оқу орындарына берілген академиялық еркіндік жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде білім беру бағдарламаларының сапасы жақсарғаны байқалады. Шетелдік агенттіктерде мамандандырылған аккредиттеуден өткен бағдарламалар саны 8,2%-ға артты.

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ТАҒЫ 25 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ

Быттыр да педагогтердің жалақысы 25 пайызға ұлғайтылған еді

1 қаңтардан бастап елімізде педагогтердің жалақысы тағы 25 пайызға өсті, деп хабарлайды Azattyq Rýhу тілшісі.

Быттыр Президент тапсырмасымен педагогтердің жалақысы 25 пайызға ұлғайтылған болатын. Биыл да олардың айлығы тағы 25 пайызға көбейіп отыр. Тек қана мектеп мұғалімдерінің ғана емес балабақша педагогтерінің, қосымша білім беру, колледждер мен жоғары оқу орындарының мамандарының да

төленеді. Мұнан бөлек, өткен жылдан бастап магистрлік дәрежесі бар мұғалімдерге 27 мың теңге көлемінде қосымша төлем беріле бастады.

Айта кету керек, колледжде, ЖОО-да және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алып жатқан студенттердің стипендиялары 25%-ға ұлғайды. Ал педагогикалық мамандықтар бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысы 26 мыңнан 42 000 теңгеге дейін, докторанттардың шәкіртақысы 82 мыңнан 150 000 теңгеге дейін өсті.

## ЛӘЙЛӘ СҰЛТАНҚЫЗЫ: ҚАЙРАТ САТЫП АЛДЫ ДЕГЕНДЕР БОС ӘҢГІМЕ

Отандық танымал тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызы «Әлем ханым-2020» атанған Жұлдыз Әбдікәрімованың жеңісіне сенбеген жандарға жауап берді. Желіде бұл жүлдені алуда Қайрат Нұрғастың ықпалы зор болғаны айтылып жатыр. Алайда, ақпарат өкілі хитменнің жары аталмыш байқауда тек өзінің күшімен топ жарғанын алға тартты деп жазады KAZ.NUR.KZ.

Ләйлә Сұлтанқызы Жұлдыз Әбдікәрімоваға ресми түрде «Әлем ханым-2020» тәжі мен лентасы тағылған салтанатты шараға арнайы өзі куә болып қатысып қайтқан.

Тележүргізуші ел намысын қорғап, бас жүлдені жеңіп алған Қайрат Нұрғастың әйелін құттықтап, оған Instagram желісінде қолдау білдірген. Аталмыш байқаудағы жеңісінен кейін желіде Әбдікәрімоваға қатысты түрлі негізсіз ақпараттар тарап кеткен болатын. Бірі «Әлем ханым-2020» атағын оған

Қайрат Нұрғас сатып алып берді десе, енді бірі оның жеңгені туралы ресми сайтта жарияланбағанына тиіс

Сонымен қатар, кейбір оқырмандар Жұлдыздың жеңісіне оның енесі Гүлзира Айдарбекованың да тікелей қатысы бар деп жазып жатты. Бұл айтылған мәліметтердің барлығын Ләйлә Сұлтанқызы өз жазбасында жоққа шығарды. Ол Әбдікәрімованың жеңісіне сенбегендерге жауап беріп, келер жылы аталмыш байқауға өзі де қатысуға ниетті екенін айтты. «Ал бүгін біздің ханшайымға тәж бен лента тағылды. Қайрат Нұрғас дауыс сатып алып, енесі бүйтіпті, ресми сайтта ақпараттың жоқ дегеннің бәрі бұл бос әңгіме екенін түсінген шығар. Үміттенемін, сенемін. Айгүл Мүкей, Майя Бекбаева келесі жылы бізде қатысайыз», - деп жазды Ләйлә Сұлтанқызы.

Меншік иесі - «ДАЙДАНА» ЖШС	<b>Бас редактор</b> <b>НҮРСҰЛТАН ШӘРІПОВ</b>	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 30.12.1999 жылы тіркеліп, тіркеу куәлігі №1005-Г куәлігі берілген.	«Ар-ДАҚ» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, Жеке кәсіпкер «ЖК Махмұдов.К» баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі,6	Редакцияның мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абдіразақов көшесі, 3/үй
	Бас редактордың орынбасары <b>МОМБЕК ӘБДІӘКІМҰЛЫ</b>	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы үшін редакция жауап бермейді. «Ар-ДАҚ»-та жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Кейбір суреттер және материалдар ғаламтордан алынды		<b>ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ</b> <b>65475</b>
	Жауапты хатшы <b>АЙНҰР ОРАЗОВА</b>			Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы <b>ardak.gazeta@mail.ru</b>
			<b>Беттеуші-дизайнер</b> <b>НҮРЗИПА БӘЙТЕНОВА</b>	<b>Таралым: 3500</b> <b>Тапсырыс:</b>